



Бекітемін:

Б/б менгерушісі:

Г.Батыркулова.

2017-2018 оқу жылының менгеруші жанындағы кеңестің хаттамалары.

Менгеруші жанындағы кеңестік

№1 ХАТТАМАСЫ

04. 09.2017ж

Катысқандар: 20

Күн тәртібінде:

1. Балабақшаның жаңа оқу жылына дайындығы. Шолу тексерудің қорытындысы.
2. Бебекжайдың жалпы ата-аналар жиналышы мен жеке топтардағы ата-аналар жиналышының жылдық жоспарын бекіту және №1 ата-аналар жиналышының өткізілуі.
3. Тіл мерекесіне арналған «Ана тілім айбыным» , «Қош келдің, Алтын күз!» мерекелік ертеңгілігінің жоспарын жасау.

1. Тыңдалды: Жаңа оқу жылына дайындық қорытындысы.

Сөйлемді: менгеруші Г.Батыркулова - жаңат оқу жылына балабақшаның балаларды қабылдауға, өз жұмысын бастауға қаншалықты дайын екенін тексеру мақсатында шолу тексеру жүргізілді. Шолу тексерудің қорытындысы бойынша сөйлемді. Экологиялық және тәжірибелік (экспериментальді) орталықтар тәжірибе жасауга арналған құралдармен жабдықтау керегі, музика залы музикалық аспаптармен толықтырылуы және балабақшаға бақылау (камерасы) қондырғысын орнату керегі айтылды.
Анықтама қоса тіркелді.

Жаңа оқу жылына балабақша дайын, оқу жылын жаңа бастаймыз. 1 қыркүйек «Білім күні» ата-аналармен, балаларға құттықтау жіберіп, балалардың балабақшаға арнаған тақпактарын ұсындық. Үлгілік оқу бағдарламасындағы өтпелі тақырыптар бойынша перспективалық жоспар құрылды, үйымдастырылған оқу қызметінің кестесі жасалды. Балаларға білім беруге барлық жағдай жасалып жүргізіледі.

2. Сөйлемді әдіскер Н.Умирбекова – балабақшаға жаңадан тіркелген балалардың ата-аналарымен танысып, балабақша туралы мәлімет беруіміз керек. Ата-аналармен жүргізілетін жұмыстың негізгісі ата-аналар жиналышы. Ата-аналар жиналышы топта жылына 3 рет болады. Олар қыркүйек,

желтоқсан, мамыр айларында өткізіледі. Қыркүйек айында жылдың басы болғандықтан ата-аналармен танысу, топпен таныстырып, белсенді ата-аналар комитетін сайлап аласыздар. Жиналыс қызықты, позативке толы болып өтсе, тәрбиешілер бұл сіздердің жеңістеріңіз. Сондықтан барынша қызықты етіп жоспарлап өткізіңдер. Балабақшадағы жалпы ата-аналар жиналысы ата-анамен ықпалдастықты арттыру, балабақшаға деген сенімділігін нығайту мақсатында жүргізіледі. Балабақша ата-аналарын жалпы жиналысы ретінде арнайы видиороликтер жасалынып дайындалса жақсы болар еді.

3. Үшінші мәселеде жылдық жоспарда жоспарланған мерекелік ішараларды өткізу, дұрыс үйымдастырылуы жайында айтылды. Балалар балабақшаға келген соң жүргізілетін іс-шараларымызды үйымдастыруға, толық жағдай жасалу керек сіздердің біліктіктеріңіздің арқасында барлығын еңсерміз. Алда жоспарланған іс-шаралар, мерекелер бар сол мерекелерді қалай өткіземіз, ата-анаға, балаға тиімді тұстарын қарап, ұтымды жауаптар табады деген ойдамын. Тиімді ойларыңыз болса ортаға салып, балаға жағдай жасайық- деді әдіскер Н.Умирбекова. Балабақша ұжымы ақылдаса келе «Ана тілім айбыным» тақырыбында тіл мерекесін ересек топ балаларымен өткізуді шешті. Онда балалар құттықтау, ана тілімізге арналған тақпактар айтады. «Алтын күз» мерекесіне барлық топ балалары қатыстырылды. Онда балалар тақпактар айтып, сән үлгілерін көрсетсе, ата-аналар жемістермен көкөністерден дайындалған ас түрлерін видиороликтер жасап ұсынса және жеңімпаз ата-анаға сыйлық тарту етсек деген ұсыныстар айтып, бір ауыздан қолдады.

Сөйлемді: менгеруші Г.Батыркулова - Мерекелік сценарилердің көптеген нөмірлермен шамадан тыс толықтыруға болмайды. Әдемі әрленген, сапалы кадрлар жасап музыка әуенін қосып сапалы дүние дайындаңыздар.

Шешімі:

1. Жаңа оқу жылында балабақша жұмысын жүргізуде интернет желісі қолданылсын.
2. Жалпы ата-аналар жиналысын 11 қыркүйек, топтардағы ата-аналар жиналысын 08 қыркүйек күндеріне қойылып өткізілсін.
Жауапты: әдіскер Н.Умирбекова
3. 22 қыркүйек Қазақ тілі мерекесі «Ана тілім айбыным» тақырыбында, алтын күз мерекесі 15қазан күні «Қош келдің, Алтын күз!» тақырыбында өткізілсін.

Төрайымы:  Г.Батыркулова
Хатшысы:  А.Серикбаева

Менгеруші жаңындағы кеңестің

№2 ХАТТАМАСЫ

06.11.2017ж

Қатысқандар: 20

Күн тәртібінде:

1. Өткен кеңестің шешімдерінің орындалуы.
 2. Балабақшадағы балаларды қабылдау бойынша мемлекеттік қызмет көрсетуге бақылауды қамтамасыз ету.
 3. Топтардағы дамыту бұрыштардың жабдықталуы (театр түрлері) салыстырмалы.
 4. «Тәуелсіздік елдің бақытты балалары», «Жаңа жыл ғажайыптары» мерекелерін жоспарлау.
-
1. Бірініші мәселеде менгеруші Г.Батыркулова өткен жиналыстың шешімдерінің орындалуына тоқталды. Балабақшадағы жалпы ата-аналар жиналысын 11 қыркүйек, топтардағы ата-аналар жиналысы 08 қыркүйек күндері өткізілді. Жалпы ата-аналар жиналысында балабақшаға жаңадан келген балалардың ата-аналарымен танысып, бала тәрбиесіне, денсаулығы мен білім алуы жайында ой белісулер болды. Жоспарланған мерекелік ертеңгіліктер де, жақсы үйымдастқан түрде өткізілді. Тіл мерекесіне арналған ертеңгіліктеге ересек топ балалары тақпақтар айтып белсенділік танытты. Күз мезгіліне арналған мерекелік ертеңгілікте де, балабақшамызға алдыннан келіп жүрген балалар мен ата-аналардың қатысуын көрдім. Балабақшаға жаңадан келген ата-аналарды да, іс-шараларымызға қатысуын үйымдастырайық, өз белсенділіктерін көрсетуге шақырайық, педагогикалық іскерліктерінде пайдаланыңыздар.
 2. Екінші мәселеде әдіскер Н.Умирбекова сөз алды. Балабақшаға балалардың келуі жыл бойына жалғасып жатады. Балаларды қабылдау және шығару бүйрықтары, келіп кету журналы, альфавиттік журнал жүргізілген. Қазіргі кезде топтарда балалар толық.
 3. Үшінші мәселеде алдағы мерекелер, олардың өтілу барысы жайында айтылды. 16 желтоқсан Тәуелсіздік күніне балалар ән, би, тақпақтар айтып, жақсы көңіл-күйде мерекені тойлайық. Ата-аналарда баға жетпес байлығымыз тәуелсіздігімізге, осынау қын кезде бірлесе отырып

қыншылықты жеңіуіміз үшін жақсы тілектерін білдірді. Жол. Жаңа жылдық мерекеде тақпактар айттып, балалар арасында сурет салудан сайыс өткізейік.

Менгеруші Г.Батыркулова – ата-аналар ұсынған видиороликтерді біріктіріп, жақсы бір жұмыс шығарып, ата-аналар чаттарына жіберіңдер. Белсенділік танытпаған ата-аналарға мотивация болады деген ойдамын. Ата-аналармен жұмыс жасау барысында әдеп нормаларынан шықпай, педагог этикетін сақтаңыздар.

Шешімі:

1. Балабақшадағы балаларды қабылдау бойынша жұмыстар жауапкершілікпен атқарылсын.
Жауапты. Әдіскер Н.Умирбекова
2. 16 желтоқсан Тәуелсіздік күніне жоспарланған «Тәуелсіздік елдің бақытты балалары» мерекелік ертеңгілігі жоғары дәрежеде ұйымдастырылсын.
Жауапты: әдіскер Н.Умирбекова Жаңа жыл мерекесіне арналған ертеңгілік «Жаңа жыл ғажайыптары» тақырыбында ұйымдастырылсын.
Жауапты: әдіскер Н.Умирбекова

Тәраймы:

Г.Батыркулова

Хатшысы:

А.Серикбаева

Менгеруші жанындағы кеңестің

№3 ХАТТАМАСЫ

05.01.2018

Қатысқандар: 20

Күн тәртібінде:

1. Өткен кеңестің шешімдерінің орындалуы.
2. Үлгілік оку бағдарламасы мазмұнын игеру бойынша аралық даму мониторингі
3. Балалардың өзі және отбасы туралы білімдерін жетілдіру жұмыстарын жоспарлаудың салыстырмалы қорытындысы.
4. Балабақша мен ата-ана ынтымақтастығын нығайту арқылы құзіретті жеке тұлға қалыптастыру.
5. «Мерекенмен Анашым!» 8 наурыз, «Наурыз келді құт алып!» 22 наурыз мерекелерінің сценарилерімен танысу

1. Бірінші мәселе бойынша менгеруші Г.Батыркулова алды. Өткен кеңестің шешімдерінің орындалу барысына тоқталды. балабақша қазіргі таңда мемлекеттік қызмет көрсету сапасын толық орындалап отыр. Өткізілген мерекелерге тоқталсам Тәуелсіздік күніне арналған ертеңгілік жоғары деңгейде өтті деп айта аламын. Тәрбиешілер сіздердің жолдаған құттықтауларыңыз, еліміздің ертеңіне деген сенімдеріңіз білікті маман екендіктеріңізді көрсетті. Ата-аналар тарапынан балаларымызға тілеген тілектер, оқыған өлең жолдары әсерлі болды. Ал жаңа жылдық мерекеде Аяз атамен Қаршақыз болып киініп балалардан өз өнерлерін көрсетуді сұрағандарыңыз, ата-аналармен бірлесе отырып дайындаған сыйлықтарыңыз әрбір отбасыға, балаға мерекелік көңіл-күй сыйлады

2. Екінші мәселеде Үлгілік оку бағдарламасы мазмұнын игеру бойынша аралық даму мониторингінің нәтижесі айтылды. Әдіскер Н.Умирбекова сөйлемді. Тәрбиешілердің берген бақылау парагының нәтижесі бойынша жиынтық есеп жасалды.

3. Психолог З.Батыркулова «Балабақша мен ата-ана ынтымақтастығын нығайту арқылы құзіретті жеке тұлға қалыптастыру» тақырыбында баяндама оқыды. Қоғам үшін әр уақытта, әр отбасында өсіп келе жатқан ұрпақтың дені сау, рухани бай, еңбекке, білімге құштар болып өсуі, оның қуат алатын қайнар бастауы – отбасы. Өскелен ұрпақтың жарасымды жетілуіне, ақыл-ой, дene тәрбиесінің дұрыс дамуына, адамгершілік қасиеттерінің жоғары деңгейде қалыптасуына отбасы мен балабақша тәрбиесінің ынтымақтастығы

басты міндет болып табылады. Біз балаларымызды өз ойы бар жеке тұлға етіп тәрбиелеуіміз керек. Баланың жан дүниесіне үңіліп, бала жаны нені қалайтынын, неге бейім екеніне назар аударуымыз қажет.
Баяндама қоса тіркелді.

5. Алдағы мерекелерді қалай үйымдастырамыз деген ой бөлісу болды. Аналар мерекесіне арналған ертеңгілік аналарымызды құттықтаудан басталады және балабақша ұжымы дәмді ас даярлаудан мастер класс өткіzetін болды. Ұлттық мерекеміз 22 Наурыз мерекесіне балалар тақпак оқып, балабақшада аналармен тәрбиешілер арасында наурыз көже үйымдастырылса, әкелеріміз арасында аулаға көшет отырғызудан сайыс үйымдастыру жоспарланды. Тәрбиешілер ертеңгілікке қажетті тапсырмаларды бөліп өз міндеттеріне алды.

Шешім:

1. Ұлгілік оқу бағдарламасы мазмұнын игеру бойынша балалармен жұмыстар бағдарлама міндеттеріне сай жүргізу.
Жауапты: топ тәрбиешілері.
2. Алда жоспарланған мерекелік ертеңгіліктерді өз уақытында өткізу.
3. Мерекелік ертеңгіліктерге жоғары деңгейде дайындалу.
Жауапты. Музыка жетекшісі: л.Абжамиева

Төрайымы:

Хатшысы:

Г.Батыркулова

А.Серикбаева

Менгеруші жанындағы кеңестің

№4 ХАТТАМАСЫ

06.03.2018

Катысқандар: 20

Күн тәртібінде:

1. Откен кеңестің шешімдерінің орындалуы.
2. Жыл мезгіліне байланысты сенбілік жұмыстары, көркейту, көгалдандыру жұмыстарын дұрыс ұйымдастыру.
3. «Қазақстан- достық ел!» 1 мамыр, «Бейбітшілік ұландары!»» 9 мамыр жоспарлау.

1. Бірінші мәселе бойынша менгеруші Г.Батыркулова сөйледі. Откен кеңестің шешімдеріне тоқталды. Ертеңгіліктер жақсы ұйымдастырылып жатқанын айтты. Экелерді де, бала тәрбиесіне атсалысуына ықпал жасадық. Әрине әкелердің белсенділіктері төмен болды, дегенмен баласымен бірге еңбек етуге бар ынтасын беретін әкелеріміздің барында көрдік. Аналар күніне өткізген мастер класстарының жақсы деңгейде өтті. Аналарымыздың жұмысқа деген ынта, өз жұмысын сүйе білген жан, сол еңбек жолында іздене отырып табысқа жетері сөзсіз.

Одан әрі күннің жылынұына байланысты балабақша ауласына, топ бөлмелеріне сенбілік ұйымдастырып тазалық жұмыстарын жүргізейік деді. Ауладағы ағаштармен гүлдерді балабақша бағбаны Ержанов ораз ағайдың бұтап, суарып тазалап жүр. Енді біз бір жылдық гүлдерді гүлзарларға отырғызып, бөлме шандарын сүртіп, төсек орындарды таза ауага желдетіп алайық. Алдағы келе жатқан мерекелерге нендей дайындықтасыздар?

Сөйледі: Тәрбиеші А.Серикбаева 1 мамыр мерекесіне балаларға түрлі ұлт өкілдерінің тілінде құттықтаулар айтқызып, тақпак, әндер орындаиды. 9 мамыр мерекесіне құттықтаулар жасап тәрбиеші балалармен жоспар бойынша дайындық жұмыстарын жүргізеді.

Менгеруші Г.Батыркулова - әріптестерінің жұмыстарына сәттілік тілеп, тәрбиешілерге қажетті құжаттарды өз уақытында тапсыру керегін айтты. оның ішінде мерекелік ертеңгіліктің сцинарилері де бар-деді.

Шешім:

1. Откен кеңестің шешімдерінің орындалуы қанағаттанарлық.
2. Наурыз айының 10ны күндері балабақшада сенбілік жүргізілсін.

Жауапты: шаруа менгерушісі: Д.Жолбарысов З. «Қазақстан- достық елі!» 1 мамыр және « Бейбітшілік ұландары!» 9 мамырға арналған ертеңгіліктер жоспары жасалып өткізілсін. Ертеңгілік сценариі әдістемелік кабинетке тапсырылсын.

Төрайымы: Олең Г.Батыркулова

Хатшысы Асерек А.Серикбаева

Менгериші жанындағы кеңестің

№5 ХАТТАМАСЫ

08.05.2018

Қатысқандар: 21

Күн тәртібінде:

1. Өткен кеңестің шешімдерінің орындалуы.
 2. Жазғы маусымдағы балабақшаның жұмысы.
 3. 1-маусым балаларды қорғау күні, 6 шілді Астана күніне арналған сценариймен танысу.
1. Бірінші мәселеде менгериші Г.Батыркулова өткен ертеңгіліктерге тоқталды. Ертеңгіліктер балалардың тақпактары, ата-аналармен балабақша ұжымының құттықтау тілектері және тәрбиеші А.Серикбаевың орындаудағы «Сөнбейді әже шырағың» әнінен жинақтап дайындаған. Сахнада балалар өнер көрсетін, ата-аналар көрермен болып отырды. Биылғы оқу жылы аяқталуда, балабақша ұжымы балабақшаға күнделікті келіп барлық мүмкіндіктерді пайдаланып ауызбіршілікте жұмыс жасай білдініздер. Кем тұстарымызды түзетіп отырдық. Бір-бірімізден көмегімізді аяп қалмадық деген ойдамын. Енді міне жаз мезгілінің басталуына орай, оқу мекемелерінде сабактар тоқтатылады. Балабақшада жазғы женілдетілген сабак режиміне ауысады..Кезекті ақылы еңбек демалысына жіберілесіздер. Ал балабақшаның жұмыс кестесіне сай жұмысымыз жалғаса береді. Алдағы мерекелер балалар күнін және Астана күнін құттықтаулар жасап, ән- тақпактар орындаپ өткіzetін боламыз.

Шешімі:

1. Жазғы маусымда балабақша жұмысы онлайн форматта жалғассын.
2. Балалар күніне, Астана күніне жоспарланған ертеңгіліктер жоғары деңгейде ұйымдастырылс

Төрайымы:  Г.Батыркулова

Хатшы  А.Серикбаева

Менгериші жанындағы кеңестің

№6 ХАТТАМАСЫ

07.07.2018

Қатысқандар: 20


Күн тәртібінде:

1. Откен кеңестің шешімдерінің орындалуы.
2. Жаз маусымындағы сауықтыру шараларының жүргізілу барысы.
3. Жаңа оқу жылына, №1 пед кеңеске дайындық.

1. Откен ткеңестің шешімдерінің орындалуына менгериші Г.Батыркуловатоқталды. Мерекеге байланысты ертеңгіліктер өткізілді. Балаларға бір аптада бір білім саласы бойынша тапсырмалар беріліп отыр. Оның ішінде шығармашылық жұмыстарға тапсырмалар көбірек берілуде. Ата-аналарға суға шомылуға барғанда, бассейнге түскенде сақталатын ережелер жаднамасы тарқатылды. Сонымен қатар көшеде жүру тәртібі, қоғамдық орындарда сақталатын қауіпсіздік ережелері жайында да, айтылды. Медбике С.Садыбекова жаз мезгілінде болатын жедел инфекциялық аурулар жайында кеңес берді. Жеміс-жидектер мен көкөністерді тұтыну барынада сақталатын санитарлық жұмыстар жайында жаднамалар тарқатты. Балалардың күн көзінен алатын дәрумендері, күннің астында қай уақыттарда болу керегі көрсетілген парапашалар тарқатылды. Балабақшада жазғы жөндеу жұмастары басталды. Балабақша ауласы, топ бөлмелері толық жөндеуден өтеді. Ойыншықтармен ойыншық сөрелері толтырылады. Сертификатталған ойыншықтар, ыдыс-аяқтар алынды. Ауладағы құмды саяжайлар таза құмдармен толықтырылды. Эктеу сырлау жұмыстары қарқында жүріп жатыр. Жаңа оқу жылында жұмысымызды жоспармен бастаймыз деп отырмыз. №1 педагогикалық кеңеске дайындық жұмысын бастаңыз деді әдіскер Н.Умирбекова. Балабақша тәрбиешілері жұмыс жасау барысында жетіспей жатқан әдістер немесе толық балаға жеткізе алмай жатқан білім саласы болса, сол бойынша жұмыстарды көбірек жоспарлаңыз- деді.

Шешімі:

1. Балаларға бес білім саласы бойынша оқу қызметтерін өткізу жалғастырылсын.
2. Жаңа оқу жылына балабақша материалдық жағынан дайындықта тұрсын.
3. №1 педкеңеске дайындық жүргізілсін.

Тәрайымы. 
Г.Батыркулова
Хатшысы 
А.Серикбаева

ЖШС «Нұр-Саят» бөбекжай балабақшасы



Бекітемін:
Б/б менгерушісі:
Г.Батыркулова.

2018-2019 оқу жылының менгеруші жанындағы кенестің хаттамалары.

Менгеруші жаңындағы кеңестің

№1 Хаттамасы

Қатысқандар: 20

11.09.2018ж

Күн тәртібі:

1. Балабақшаның жаңа оку жылына дайындығына шолу. тексерудің қорытындысы
2. Жалпы ата – аналар жиналышына дайындық.
3. Тіл мерекесіне арналған апталықтың іс-шаралары жөнінде.
4. «Алтын күз» мерекесінің бағдарламасын бекіту.

Тыңдалды: Бөбекжай-балабақша менгерушісі Г.Батыркулова сөз алды. Балабақшада балаға қауіпсіз, ыңғайлы, жан-жақты тәрбие беретін бес салаға арналған дамытушы орта құрылуы қажет. Қазақстан Республикасының жалпыға бірдей міндетті мемлекеттік білім беру стандарт талаптарына сай оку тәрбие ісін ұйымдастыруы қажет. Демек, педагогтарымыз да, білімді, тиянақты, және ізденимпаз болуы тиісті. Балалармен оку-тәрбие жұмысын жүргізгенде балалармен ынтымақты қарым-қатынас орната біліп, туындаған мәселені бірге шешетін маман болу тиісті. Тәрбиеші өз міндеттерін әрқашан тиянақты орындалап, жауапкершілікті сезіну керек. Балалардың денсаулығын, қауіпсіздігін ескере отырып, өз жас ерекшелігіне сай оку тәрбие ісін ұйымдастырылған оку іс-әрекетін ойын түрінде, көрнекілікпен қызықты етіп өтіп, балаларды жалықтырып алмауы, серуендеуде қауіпсіздігін ескеріп бақылау, ойын, шешінетін бөлмелері болуы керек. Кереуеттер, шкафтар, түбектер, сұлгілер, төсек орын нөмірленіп, балалар танитын суреттермен белгіленуі тиіс, балалар тізімі анықталып іліну керек. Топтардың жаңа оку жылына дайындығы. Шолу, тексеру, қорытындысы. Балаларға саналы, мазмұнды тәрбие беруде баланың ішкі жан дүниесін жетілдіре түсетін ойындар, оку

қызметтерін өтуге, көретін, бақылайтын, қабілетін арттыратын материалдар болуға тиісті. Топтарды жаңа оқу жылына бәзендіріп, дамыту ортасын жаңалап түрмаса өзінің сипатын, мағынасын жоғалтады. Топтарды шолу кезіндегі нәтижеге тоқталсақ: Ортаңғы «Нұршуақ» тобы тәрбиешісі: Б.Саренбаева «Табиғат», «Денсаулық», «Кезекші» бұрышы толық. Ұсыныс ата-аналар бұрышын толықтыру. Табиғат бұрышына гүлдерді көбейту, альбомдар, кітаптар, көлеңкелі театрлармен толықтырулар қажет.

Ортаңғы «Балдәурен» тобы тәрбиешілері Г.Нуранова мен : Табиғат бұрышы, ата-аналар, денсаулық, кезекші бұрышы бар. Ұсыныс: бөлме гүлдерін көбейту, қыыршақ театры, үстел үсті ойындарының құралдарын, таным саласының үлестірмелі материалдарын бала санына лайықтап толықтыру, балалардың жұмысын іletін бұрыш, альбомдар, саусақ театрларын толықтыру қажет. Сурет салу, аппликация сабактарының көрнекіліктері, оқу құралдары бала санына лайықты толықтырылсын.

II кіші «балауса» тобы тәрбиешілер: Ж.Қиятаева

Табиғат бұрышы бар. Денсаулық бұрышы жасалсын. Ойын атрибуттарымен, оқу құралдарымен толықтырылсын. Балалардың жасаған жұмыстарын қоятын тақталары жасалсын. Ұсыныстар: қыыршақ театры, үстел үсті ойындары, таным саласынан үлестірмелі матреілдар, сенсорика құралдарын көбейту, толықтыру, альбомдар мен түрлі-түсті суретті кітаптар жинақтау.

I кіші топтар «Жұлдыз», «Шағала» тобы – тәрбиешілері: Д.Мейір, Қантөре. Денсаулық, ұлттық, табиғат, еңбек, кезекші, шаштараз бұрыштары бар, ата-аналар мен туылған күн бұрышы бар. Ұсыныстар: театр түрлері, сенсорика материалдары, атрибуттар, альбомдар, кітаптарды толықтыру.

Ерте жа «Балапан» тобы – тәрбиешілері: Н.Таспұлатова. Ата-аналар, туылған күн, денсаулық, шаштараз, кітап бұрышы бар. Ұсыныстар: Альбомдар, кітаптар, сенсорика материалдары, танымнан үлестірмелі материалдармен, ойыншықтармен толықтырулар қажет. Жасалған ұсыныстарды тапсырма деп қабылдан, жауапкершілікпен қарап, толықтыру жұмыстарын тез арада жүргізейік

Тыңдалды: Г.Батыркулова – балабақша меңгерушісі өз сөзінде балабақша -бала тәрбиесінде манызды рөл атқарады. Мұнда ол білім алады., өзге балалармен, ересектермен бірлесіп, әрекеттенеді. Өз әрекетін ұйымдастыру іскерлігін меңгереді. Алайда баланың үл дағдыларды қаншалықты нәтижені меңгеруі отбасының балабақшага қарым-

қатынасына байланысты. Ата-ананың білім беру үдерісіне белсенді араласуы арқылы ғана баланың үйлесімді дамуы іске асады. Сол үшін балабақшаға ата-аналарды тартудың жолдарын түрлендіруіміз қажет. Ата-аналар жиналышынан өзге де насиҳат жұмыстарын ұйымдастыруды ұсынамын.

Тренингтер, пікіралмасу, ата-аналар рингі, мамандар кеңесін ұсыну, дәңгелек үстел, семинарлар, ата-аналардың педагогикалық біліктілігінің деңгейін көтеруге әсер етеді. Отбасы мен балабақшаның арасында ынтымақтастық педагогикасы орнайды және бірлескен іс-әрекеттің нәтижесінде ата-аналардың өз баласының тәрбиесіне деген педагогикалық ұстанымы қалыптасады. Ата-аналар балалар қоғамына араласудың нәтижесін қайдан көреді, топтағы өткен іс-шаралар, оқутәрбие ісіне еніп, өз баласының жетістіктерін өзге балалармен айырмашылығын көріп, тәрбиеші қалап тұрғаны үшін емес, өз баласының дамуы үшін маңызды екенін түсінеді деді. Г.Батыркулова жалпы ата-аналар жиналышы жөнінде тоқтатылып өтті. Ол өз сөзінде: Балабақшада жоспарланған түрде ата-аналар жиналышын өткіземіз. Жалпы ата-аналар жиналышын белгілең, күн тәртібін белгілеуміз қажет.” Келіңіз танысайық” ата-аналарға қызметкерлерді таныстыру, оку жылының мақсаттарымен таныстыру. Келесі шарт түзу.

- 1.Ата-аналар комитетін сайлау.
- 2.Ата-аналар мен келісім шарт түзу.
- 3.“Балалардың балабақшаға” бейімделуі мед бикенің кеңесі.

Жалпы ата-аналарды балабақша өміріне тарту мақсатында түрлі жұмыстар ұйымдастыруды тапсырамын. Тренингтер, дәңгелек үстел, пікір алмасу, кеңестер өткізу, жылжымылы папкалар, альбомдар, отбасылық қабырға газеттер шығару, отбасылық сайыстар, мерекелер өткізу, ашық есік күндіктерін өткізуін жоспарға енгізіп жүргізу. Ата-аналарға осы тақырыпта мағлұматтар ережелер жөнінде түсініктемелер беріледі. Топтарда жеке өткізілетін ата-аналар жиналышына да үлкен дайындықтарының қажет. Ата-аналардың алдында ыңғайсыз жағдайда қалмауының үшін кез-келген жағдайға, сұраққа дайын болларының, дұрыс жауап беріп, сауатты түрде сөйлем, білімділігінің бен белсенділігінізді көрсете білуді тапсырамын. Ата-аналармен қарым-қатынастарының ынтымақты болуын қадағаланатынын өз жауапкершілігіме аламын деді.

Тыңдалды: Тіл мерекесіне арналған апталықтың іс-шаралары жөнінде.

Сөйледі: Г.Батыркулова өз сөзінде Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 11-ші шілдедегі Тіл туралы Заңында Қазақстан Республикасында тілдердің колданылуының құқықтық негіздерін, мемлекеттің оларды оқып үйрену мен дамыту үшін жағдай жасау жөніндегі міндері белгіленген. Қазақстан

Республикасында мемлекеттік тілді барынша дамыту және халықаралық беделін көтеру, іс-қағаздарын жүргізу қазақ тілінде –мемлекеттік тілде жүргізу қажеттігі көрсетілген. Тіліміздің мәртебесін көтеру, терең бенгеру, таза сөйлеу, ұрпақтан-ұрпаққа таза жеткізу міндептіміз. Қазақстан елі 22 қыркүйек тіл мерекесін атап өтеді. Осыған орай 16-20 қыркүйек аралығында тіл апталығын атап өту жоспары бар, өз ойларының, жоспарларының туралы айтударыныңды, пікір алмасуларыныңға шақырамын.

Сейлегендер: Б.Сарсенбаева – тәрбиеші: мен өз тобымда «Тұған тілім-тірегім» атты ашық оқу қызыметін өтуді жоспарладым, өз тілімізде барлық бала бір-бірімен ой бөлісуге, ана тіліміздің қасиетін, қадірін біліп, құрметтеуге тәрбиелеуде үйымдастырылған оқуқызыметін жоспарлап, оған тіл туралы тақпак, нақыл сөздер, аңыз әңгімеден көрініс қоямыз деді. Қалған топтар өз жоспарлары туралы айтып өтті. Балабақша меңгерушісі тіл апталығының жоспарланып 16-20 қыркүйек күндері өткізілуін тапсырды.

Тыңдалды: Республика күні «Алтын күз» мерекелерінің сценарилерін бекіту.

Сейледі меңгеруші Г.Батыркулова туған жерді аялау, құрметтеу байлығымен мақтану үлкендеренбегін сыйлау, құрметтеу, еңбек ету дағдыларын қалыптастыру бағдарламаның «Әлеумет» саласында жоспарланып оқу тәрбие үдерісіне ендірудеміз. Осы қасиеттерді, тиянақтау, құрметтеуде мерекелер үйымдастыру жоспарланып отыр. Қазан айының 24-не «Алтын күз» мерекесін жоспарлаудамыз. Бағдарламамен таныстық. Онда мерекені ортаңғы тобы бастап, басқа топтар би, ән, тақпак, көріністер қосып, мерекелік кешті толықтыратын болды.

«Жемістер мен көкөністер айтысы» көрініс – Ортаңғы топ

«Жапырақтар би» - II сәбилер тобы

«Алтын күз» әні – ортаңғы топ

Және «Балауса» II кіші тобының «Кім жылдам» ойыны, әндер, билер, жоспарланды.

Залды безендіру жұмысына сазгерлер жауапты. Тәрбиешілер және ата-аналар көкөністер мен жемістер көрмесін жасайды, жалпы үйымдастыру жағына әдіскер Н.Умирбекова жауапты деді.

Менгеруші жанындағы кеңестің

№2 хаттамасы.

16.11.2018 ж

Жиналғандар саны -20

Күн тәртібі:

1. Откен кеңесінің шешімдерінің орындалуы.
2. Ағымдағы тексеру корытындысы
«Күн тәртібі бөліктері бойынша ашық көрулер»
3. «Тәуелсіз елдің - Көшбасшысы», «Тәуелсіз елім - Қазақстан» ашық тәрбие сағаты және Жаңа жыл ертеңгілігі сценариімен танысу, бекіту

Тындалды : балабақша әдіскері Н.Умирбекова откен кеңестің қаулылырының орындалуына есеп берді. «Топтардың жаңа оку жылына дайындығы» шолу тексеру бойынша анықталған кемшіліктердің өз мерзімінде орындалғанынын, топтарда дамыту орталары толықтырылғанын айтып өтті. Дегенмен топтарда театр құралдары, жаңа әдістерге негізделген ойын құралдары толық жасалмағанын ескертті.

Менгеруші Г.Батыркулова тәрбиешілерге толық орындауға ескерту берді. Тәрбиешілер келісім берді.

Сонымен бірге «Қазақ тілім- ана тілім» апталығының өткізілуіне тоқталды.

Ортаңғы «Күншуақ» тобының «Ана тілім –туған тілім» ашық тәрбие сағатында тактикастар бала жасына сай дайындалғанын, балаларға туған тілін күрметтеу, мақал-мәтел құрау сияқты тапсырмаларға балалар белсенді катысқанын айтып өтті.

Тәрбиеші ж.Қиятаева II-кіші тобында «Тіл халық қазынасы» ашық оку қызыметі талапқа сай дайындалған. Қорнекі құралдар алдын ала дайындалған. 70 % бала толық қатысты. Балаларға тілін, өлкесін сүюге, күрметпен қарау сезімдері қалыптасты деуге негіз бар екенін айтып өтті. Балабақшада тіл апталығының өтілуі «қанагаттанарлық» деп бағалауды ұсынды.

Менгеруші келісім берді.

Тындалды : балабақша әдіскері Н.Умирбекова «Күн тәртібінің бөліктері бойынша ашық көрулер» такырыбында «Сәлеметсіндер ме, балалар» белімінің тиімділігі мен ұйымдастырылуы» ағымдағы тексеру корытындысымен таныстырып өтті.

Ортаңғы топ тәрбиешісі Б.Сарсенбаева балаларды қабылдау да балаларды жылы жүзбен қабылдап, түрлі ұйымдастыру жұмыстарын өткізгенін, сөйлеуді дамытуға арналған дидактикалық ойындар, жеке жұмыстар ұйымдастырғанын

тоқталып өтті. Балалар арасында жақсы қарым-қатынас орната алатынына тоқталды.

П-кіші топ тәрбиешілері Ж:Қиятаева таңертеңгілік қабылдау, кезекшілік ертеңгілік гимнастикалардың өтілуі және балалармен әнгіме құру жұмыстарын жобалап өткізгенін, балалармен қарым-қатынасы жақсы екеніне тоқталды. «Жұлдыз» I-кіші топ тәрбиешісі Д.Мейір балалармен ойындар, еңбекке баулу, тақпак әндерді қайталау т.с.с тәрбие шараларын үйимдастырғанын айтып өтті. Атқарылған жұмыстарды саралай келе әдіскер топтарда «Сәлеметсіндер ме, балалар» бөлімінің тиімділігі мен үйимдастырылуы қанағаттанарлық деп бағалауды ұсынды.

Ұжым толық келісім берді.

Тыңдалды: балабақша музыканты Л.Абжамиева «Тәуелсіз елдің - Көшбасшысы», «Тәуелсіз елім - Қазақстан» ашық тәрбие сағатының сценариімен таныстыруды. Тақырыптық жоба бала жасына сай жобаланған және балаларды патриоттық сезімге тәрбиелеу мақсатында құрылған. Әдіскер Н.Умирбекова «Тәуелсіз елдің - Көшбасшысы» тақырыптық кешті 30.11.2018, «Тәуелсіз елім - Қазақстан» ертеңгілігін 14.12.2018 ж өткізуді ұсынды.

Тәрбиешілер келісім берді.

Сонымен бірге Л.Абжамиева Жаңа жыл мерекесі ертеңгілігі сценариімен таныстыруды. Ертеңгілік бала жасына сай, танғажайып сәттерге негізделіп жобаланған. Тақпактар, әндер бала жасына сай келеді. Музыкант жаңа жыл ертеңгілігін 25-27 өткізуді ұсынды.

Қаулы:

1. Өткен кеңестің қаулыларының орындалуы қанағаттанарлық.
2. «Күн тәртібі бөліктері бойынша ашық көрулер» тақырыбында өткен «Сәлеметсіндер ме, балалар» бөлімінің тиімділігі мен үйимдастырылуы» ағымдағы текстеру корытындысы қанағаттанарлық.
3. Тәуелсіз елдің - Көшбасшысы» тақырыптық кеш 30.11.2018 ж «Тәуелсіз елім - Қазақстан» ертеңгілігі 14.12.2018 ж, Жаңа жыл мерекесі 25-27.12.2018 ж өткізілсін.

Кеңес тәрайымы:

Г.Батыркулова

Хатшысы:

А.Серикбаева

№ Зменгеруші жанындағы кеңес хаттамасы.

21.01.2019 ж

Күн тәртібі.

Жиналғандар саны –21

1. Откен кеңесінің шешімдерінің орындалуы
2. Аралық мониторингтың қорытындысы
3. «Балабақшадағы балалардың кимыл-қозғалыс белсенділігін ұйымдастыру» (тақырыпты тексерудің қорытындысы).
4. Тәрбиешілер мемлекеттік стандартты қалай менгеруде, тест ұйымдастыру.

Т ы ң д а л д ы : балабақша менгерушісі Г.Батыркулова откен кеңестің қаулыларының орындалуы туралы есебі. Откен кеңесте бекітілген «Тәуелсіз елдің көшбасшысы» 1 желтоқсан президент күніне арналған тақырыптық кеш ортанғы тобында жақсы денгейде откізілгенін, балалар белсенді қатысқанын айтЫП етті. Такырыптық кеш мақсаты орындалды деп есептеуге болатынын айтЫП етті. Балабақша безендірілуі талапқа сай. Балаларға арналған тақпақтар, әндер бала жасына сай келеді. Балалар әнді көтерінкі көңіл күймен орындады. Балаларға Отанды сую, туған өлкеге сүйіспеншілік сезімін қалыптастыру, Қазақстанның рәміздері туралы білім беру жұмыстары жүргізілді. Ертеңгілік мақсаты орындалды деп бағаланды.

Менгеруші Г.Батыркулова Жаңа жыл мерекесінің өтілуіне тоқталды. Жаңа жыл мерекесі балалар үшін қызықты, таңғажайыптарға толы мереке. Топтарда «Жаңа жыл» мерекесі өте қызықты етті. Балалар қызыға қатысты. Сахналau және таңғажайып қызықтар балалар белсенділігін арттыруды. Эндер мен тақпақтар бала жасына сай дайындалған. Балалар әндерді таза әрі мәнерлі орындады. Дегенмен «Балапан» кіші топтарда балалар әнді орындау кезінде алаңдаушылық болғанын, ертеңгілік шулы болғанына тоқталып етті.

Дей түрғанмен балабақшада жаңа жыл мерекесінің ұйымдастырылуы мен өтілуі «жақсы» деп бағалауға болатынын айтты. Жаңа жыл кейіпкерлерін балабақша тәрбиешілері өздері орындағандары ата-аналарға қатты ұнады деп ойлаймын. Ертегі кейіпкерлерін балалар да жақсы ойнап шықты, ата-аналар риза болды. Ендігі жылы жаңа жыл кейіпкерлерін ойнауға ата-аналарды шақырайық деп ұсыныс білдірді. Тәрбиешілер келісетіндіктерін білдірді.

2. Тыңдалды балабақша менгерушісі Г.Батыркулова балабақшада откен аралық мониторингтың қорытындысымен таныстырыды. Улгілік оку бағдарламасы мазмұның игеруі бойынша «Нұшуақ, Балдәурен,» ортанғы топтары -33%, «Балауса» -32%, «Жұлдыз »-31% , балабақша бойынша да-33 % болғанын, алдағы уақытта бұл көрсеткішті көтеруге тапсырма берді. Тәрбиешілер толық келісім берді.

3.Т ы н д а л д ы «Балабақшадағы балалардың қымыл-қозғалыс белсенділігін үйымдастыру» II-топта өткен тақырыпты тексерудің қорытындысымен балабақша әдіскері Н.Умирбекова таныстырып өтті. Топтарда дене шынықтыру оқу қызметтері, ертеңгілік гимнастика жүйелі өткізіліп жатқанын. Қымылды ойындар серуен кезінде және дене шынықтыру оқу қызметінде өткізіліп жатқанын айтты өтті. Сонымен бірге балалар еркін ойнап тұруы үшін ғимаратта хол бар екнін, ондағы жиһаздар балалардың еркін ойнауына кедергі жасамайтынын айтты. Дегенмен тексеру кезінде біршама кемшіліктер анықталғанын, дене шынықтыру ойын сауығы мен мерекесі өткізілмегенін, топтардағы заттық дамытушы ортаны толықтыру керектігін, балалармен денсаулық сақтау технологиясы бойынша кедір бұдырлы жолдар, т.с.с. жасалмағанын айтты өтті.

Пікір білдірді балабақша менгерушісі Г.Батыркулова анықталған кемшіліктер алдағы уақытта орындалуы тиіс екенін ескертті

Тәрбиешілер толық орындауға уәде берді.

4.Тындалды: Қазақстан Республикасының мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттың мектепке дейінгі тәрбиемен оқыту ережелері мен талаптарын менгерудегі педагогтар мен билет тарқату арқылы тест үйымдастырылуы жөнінде балабақша менгерушісі: Г.Батыркулова сөз алды. Ол өз сөзінде: Қазақстан Республикасының 2016 жылғы 13 маусымда №292 қаулысына сәйкес әзірленген мемлекеттік стандарт талаптары мен ережелері қалай орындалуда. Оку тәрбие үрдісінің мазмұнын, пәндік дамытушы орта мазмұны қандай?

Қандай талаптар қойылған, қандай ережелерді сақтауға міндеттіміз. Билеттер алып, жауаптарыңыз бойынша жазбаша алынады деп айтты.

Қаулы:

1. Өткен кеңестің қаулыларының орындалуы қанағаттанарлық.
2. Аralық мониторинг бойынша балалардың үлгілік бағдарламаны менгеру деңгейі 33,3%. Бұл көрсеткіш жоғарылатылсын.
3. «Балабақшадағы балалардың қымыл-қозғалыс белсенділігін үйымдастыру» II-кіші топта өткен тақырыпты тексерудің қорытындысы бойынша анықталған кемшіліктер түзетілсін. Мерзімі: наурыз-май аралығында.
4. Мемлекеттік стандарт талаптарын, ережелерін оқу, танысу, дейгейін көтеру, іздену.

Кеңес тәрайымы:

Г.Батыркулова

Хатшысы:

А.Серикбаева

Менгеруші жанындағы кеңестің

№ 4 хаттамасы.

04.03.2019 ж

Жиналғандар саны –20

Күн тәртібі.

- 1.Өткен кеңесінің шешімдерінің орындалуы.
2. Табиғаттағы серуен тақырыбының жыл мезгілдері құбылыстарымен байланысы және жас ерекшелігіне сай жабдықталуы, жоспарлануы. Тақырыпты тексеру қорытындысы.
3. 7-сәуір дүние жүзілік денсаулық күніне арналған «Шынықсын денеміз» мерекесін үйымдастыру»
4. «Жыл басы - Наурыз» мерекелік ертеңгіліктің сценариімен, «Достық -ұлы туымыз», «Ұлы Женіс» ертеңгілік сценариімен жоспарымен танысу, бекіту.

Тындалды: балабакша менгерушісі Г.Батыркулова өткен кеңестің қаулыларының орындалуы туралы есебі. Балабакшалық ішілік семинар өз дәрежесінде өткізілгенін. Балабакшаның жылдық мақсаты бойынша дene шынықтыру және эстетикалық тәрбие бойынша лекциялар, азық оқу қызметі өткізіліп тәрбиешілерге біршама білім берілгенін айтып өтті. Сонымен бірге менгеруші Г.Батыркулова 8 наурыз мерекесінің өтілуіне тоқталды.

«Қарлығаш» ортаңғы тобында ертеңгілік талапқа сай өткізілді. Балалар би қимылдарын өте жақсы орындағы. Аналарға , қыздарға арналған сыйлықтарды өте әсерлі сәттермен сыйлады. Ертеңгілікті сахналау жұмыстары өте жақсы орындалғанын айтып, ересектер тобында 8 наурыз мерекесінің өтілуі қанағаттанарлық деп бағалауды ұсынды.

«Жұлдыз,Шағала»I-кіші топтарында балалар әндері орындалуы талапқа сай. Ертеңгілік бала жасына сай дайындалған. Тәрбиешінің шеберлігі жеткілікті. Ертеңгілік өтілуі жақсы.

«Балауса »II кіші топта ертегі сахналау, ертеңгілік кейіпкерлері қатысыу, хоровод әндер, оған балалардың қатысыу өте жақсы болды. Балаларға қуаныш, көтеріңкі көңіл күй берілді.

Тәрбиешілер толық келісетіндіктерін білдірді.

Тындалды: Табиғаттағы серуен тақырыбының жыл мезгілдері құбылыстарымен байланысы және жас ерекшелігіне сай жоспарлануы.

Сөйлемді: Әдіскер Н.Умирбекова бала танымдық органды әр түрлі таным тәсілдері арқылы менгереді, мысалы: топтастыру, салыстыру, бөлу, қорытындылау, пайымдау, жалпылау, көру, ұстау. Баланың білім құмарлығы

табиғи нысандар мен құбылыстарды ықыласпен түсінуі үлкендер үшін баланы әлем, табиғатпен таныстыру арқылы жүзеге асатын негізгі нүктесі. Балаларды қоршаған ортамен өсімдіктер мен жануарлар, жаңбыр, қар, наизағай, судын, күмнің қасиеттерімен толығырақ нақты таныстыру маңызды.

Тәрбиешілер: Б.Сарсенбаева, Г.Нуранова ортанғы тобында желтоқсан айының апталық жоспарында серуенде бақылауға алынған нысандар мен тақырыптар Аяу райына, шыбынға, дәріханаға, бұлтқа, қарға, мұзға, қара торғайға, шыққа, желге, үлкендер енбегі, саусықанға. Үй жануарларына, жаңбыр, көлік, қарғаға, күнге.

Ұсыныс: Тұман, бұршақ, қырау, тамшы судың қатып мұз болуына, күн қыскарды, қардың жаууы, пішіндері, құргақ, ылғалдығы, қар тазалау жұмыстарын, терезедегі қыстық аяздың өрнектерін бақылау.

II кіші топ тәрбиешілері: Ж.Киятаева - Ауыздағы бу, тұман, ағаштарға, шөптерге, желге, қардың еруі, күнге, ұшып жүрген құстар, от жағушының енбегіне, маұржадан шыққан тұтін, көліктер, күннің сұықтығы, үй шатырындағы қар, жердегі мұз, ағаштардағы қарға.

I кіші топ тәрбиешілері: Д.Мейір, А.Қантөре

- Аяу рапы, ұшақтың ізі, желге, жәндіктерге, жаңбырға, көлшік суларға, күн шуағы, қарға, еріген қарға, жауған қарға, шатырдағы мұзға, ғөліктен шыққан тұтін, терезедегі жаңа жылдық безендіруге, қар үстіндегі іздерге

Ұсыныс: Қыстың ұлупаралығы, қар ұлпасына, қар үстіне сурет салу, мұз тайғанак екенінен, жыл мезгіліне сәйкес жылы киімдеріне, мұрындағы тұтін, құргақ және ылғал қар, суды бояп қатыру.

Тындалды: балабақша менгеруші Г.Батыркулова «7- сәуір дуние жүзілік денсаулық күніне арналған «Шынықсын денеміз» мерекесін ұйымдастыру туралы ұсыныс берді.

«Нұршуақ» ортанғы тобы «Жұзден жүйрік» эстафеталық жарыс 5.04.2019 ж. Балабақша тәрбиеленушілері мен қызметкерлерді қатыстыра флешмоб өткізілетінін 06.04.2019 ж айтып өтті. Керекті құралдарды талапқа сай дайындауды, музыкамен және балалаларды «С» витаминімен қамтамасыз етуді балабақша медбикесіне жүктеуді ұсынды.

Тындалды :балабақша музыканты Л.Абжамиева «Достық ұлы туымыз» ертеңгілік сценариі және «Ұлы женіс» тәрбие сағаттарының жоспарымен таныстыруды. Мереке мазмұнына сай балаларға интернационалдық, патриоттық тәрбие беру мақсатына сай әндер мен билер жобаланғанын түсіндіріп өтті. Пікір білдірді балабақша менгерушісі Г.Батыркулова «Достық ұлы туымыз» ертеңгілігін 30.04.2019 ж, «Ұлы женіс» тәрбие сағатын 08.05.2019 ж атап өтуді ұсынды.

Тәрбиешілер толық келісті.

Қаулы:

1. Откен кеңестің қаулылары толық орындалды.
2. Тақырыпты тексеру ұсыныстары жоспарға енгізіліп, жыл мезгілдеріне сай жүргізілсін.
- 3.7- сәуір дүние жүзілік денсаулық күніне арналған «Шынықсын денеміз» тақырыбында эстафеталық жарыс, флешмоб өткізілсін. Мерзімі. 06.04.2019 ж Керекті құралдар дайындалсын. Жауапты тәрбиешілер және медбике.
4. «Достық ұлы туымыз» ертеңгілігі -30.04.2019 ж, «Ұлы жеңіс» ертеңгілігі 08.05.2019 ж өткізілсін.

Кеңес төраймы:

Г.Батыркулова

Хатшысы:

А.Серикбаева

Менгеруші жаңындағы кеңестің

№ 5 хаттамасы.

21.05.2019 ж

Жиналғандар саны –20

Күн тәртібі.

- 1.Өткен кеңесінің шешімдерінің орындалуы
- 2.«Балалардың өздеріне таныс әдеби шығармалардан және ертегілерден үзінділерді драмалауға қатысуы» .(тақырыпты тексерудің қорытындысы)
3. «Күл бұлдіршін, күліп жур» балалар күніне арналған мерекеліктің іс-шаралар жоспарымен танысу, бекіту
4. Әртүрлі мәселелер

Т ы ң д а л д ы :балабақша менгерушісі Г.Батыркулова өткен кеңестің қаулылыларының орындалуына есеп берді. Балабақшада «7- сәуір дуние жүзілік денсаулық күніне арналған «Шынықсын денеміз» мерекесін үйымдастырылғанын, ортаңғы тобында эстафеталық жарыс балалар жасына сай өткізілгенін, топ белсенді қатысқанын айтып өтті. Сонымен бірге балабақшада өткен флешмоб өткізілгенін, барлық қызметкерлер мен тәрбиленушілер қатыстырылғанын, балалар көңіл күйі көтерінкі, қатысулары өте белсенді болғанына тоқталып өтті.
Сонымен бірге «Достық ұлы туымыз» ертеңгілігі мен «Ұлы жеңіс» тәрбие сағатының өтілуі қанағаттанарлық екенін айтып өтті.

Т ы ң д а л д ы :«Балалардың өздеріне таныс әдеби шығармалардан және ертегілерден үзінділерді драмалауға қатысуы» Тақырыпты тексеру қорытындысы.

Сөйлемді: Менгеруші Г.Батыркулова бес білім беру саласының «Коммуникация» білім саласының мақсаты – ана тілінің базалық құндылықтарын менгерген мемлекеттік және өзге де тілдерде мәдени-әлеуметтік өзара дайын, айналадағылармен қарым-қатынасқа қабілетті мектеп жасына дейінгі көп тілді тұлға тәрбиелеу; Балабақша күн тәртібіндегі, үйымдастырылған ойындар сабактарда балалардың дұрыс сөйлеуге кызықшылығы шығарманың сипаты мен мәтініне сәйкес екпін қоя білу мәнерлі дамиды. Сонымен катар, өзінің ойы мен сезімін еркін жеткізу қабілеттері, шығарманың негізгі мазмұнын және өзінің өмірінен де кызықты жайттарды айта білу шеберлігі қалыптасып дамиды. Әрбір

педагог, ата-ана балалардың әңгімесіне салғырт қарамау керек. Сол үшін баланың алдында бейнелі сөйлеп, дұрыс сөйлеуге шақыру.қарау, қадағалау, үйретуді мақсат етуі тиісті.

Ортаңғы топтарда – шағын рөлдерді жатқа айтады, сөздерді шығарма сипатына, мәтініне қарай өзгертуге көп көңіл бөлген қажет. Импровизация өз сөзін , сезімін қосып сөйлеуге, қымыл іс-әрекеттерге тәрбиелеу керек. Бұл тіптегі балаларға қырышқа театры да үнайды. Ертегілерді қайта айтып беруге де, жартысынан көбі үйреніп қалған. Жеке жұмыспен, ата-аналармен нығайтуды тапсырамын.

Пікір білдірді балабақша менгерушісі Г.Батыркулова анықталған кемшіліктер алдағы уақытта орындалуы тиіс екенін ескертті
Тәрбиешілер толық орындауға уәде берді.

Тыңдауды: балабақша музыканты Л.Абжамиева «Күл бұлдіршін, күліп жур» балалар күніне арналған мерекеліктің іс-шаралар жоспарымен таныстыруды.

Ертеңгілік жобасы бала жасына сай , концерттік бағдарлама, қырышқа театры және флешмоб, ойындар жобаланғанын айтып өтті. Сол күнгі ас мәзірі витаминдермен байытылып, балаларға арналған сыйлықтар таң қалдыру сәтімен берілу керектігін түсіндірді. Сонымен бірге мерекеге арнап безендіру жұмыстары өз дәрежесінде жасалу керектігін айтып, шаруа менгерушісінен құралдармен толық қамтамасыз етуді ұсынды.

Менгеруші мерекеге арналған заттарды толық қамтамасыз етуге келісім берді.

Сөйледі: балабақша менгерушісі Г.Батыркулова жаз мезгілінде балалар өмірі мен денсаулығын қорғау нұсқаулығымен таныстырып өтті.Жаз мезгілінде балалардың денсаулығын жіті қадағалау, бастарынан күн өтпеу, дұрыс тамақтану және жарақаттанбау үшін өз жұмыстарына жауапкершілікпен қарау керектігін қадап айтты.

Қаулы:

- 1.Өткен кеңестің қаулыларының орындалуы қанағаттанарлық.
2. «Күн тәртібі бөліктері бойынша ашық көрүлөр» тақырыбында мәдени-гигиеналық дағдыларын қалыптастыру ағымдағы тексеруде анықталған кемшіліктер түзетілсін.
3. «Күл бұлдіршін, күліп жур» балалар күніне арналған мерекеліктің іс-шаралар жоспары бекітілсін.
- 4.Жаз мезгілінде балалар өмірі мен денсаулығын сақтау қатаң сакталсын

Кеңес тәрайымы:

Хатшысы:



Г.Батыркулова

А.Серикбаева

**Менгеруші жанындағы кеңестің
№6 хаттамасы.**

21.06.2019 ж

Жиналғандар саны -20

Күн тәртібі.

Күн тәртібі:

- 1.Откен кеңестің шешімдерінің орындалуы..
- 2..Жаңа оқу жылына дайындық.
- 4.Жөндеу жұмыстары жөнінде.
- 5.№1 Педагогикалық кеңеске дайындық.

Тындалды:Откен кеңестің шешімдерінің орындалуы жөнінде балабақша әдіскері Н.Умирбекова тоқталып өтті.Ол өз сөзінде балалардың білімдерін жетілдіруде тазалыққа,ұқыптылыққа тәрбиелеуде көніл бөлініп,тазалық,ұқыптылық ,көмектесу жөнінде санамақтар,такпақ-өлеңдермен пысықтап өтуде «Сабынмен дос болайық»,«Куыршақты шомылдырайық», «Кезекшілік етейік» атты ойындар ұйымдастырып өткізілуде. Балалармен өз туыстарының аты жөнін түгел білу,туыстық қатынасын білуге ата-аналардың да көмегі қажет болды.Ата-аналармен байланыса отырып ,нәтижеге қол жетуде.Отбасы мүшелерінің аттарын толық атау,дұрыс айту,жасы үлкен-кішіге мән беру,құрметтеуге тәрбиелеудеміз деді.

Тындалды:Жаңа оқу жылына дайындық жөнінде балабақша әдіскері Н.Умирбекова сөз алды:Балалармен ұйымдастырылған оқу қызметін ұйымдастыруда мақсатка жетуде, нәтижесі мазмұнды болу үшін,бала ықыласын аударуда және келешекте белсенді де,бәсекеге қабілетті,білімлі де ширак, жігерлі ұрпақ жетілдіруде көп жұмыстар, көп техникалық құралдар мен бейнетаспалар,үнтаспалар қажет. Тәрбиеші үнемі даму үстінде болу керек. Өз білімін үнемі ізденіп, жаңашыл болуға әректтенуіміз қажет. Дамытушы орталар мазмұны, құралдары жаңартылып, толықтыруды, жаз бойы ізденуге шақырамын. Галамторға кіріп басқа елдердің әдіс-тәсілдерінен, іс тәжірибелерінен өзімізге ендірсек, аудан, облыс озық тәжірибелерін,баспасөз құралдарын пайдаланайық. Қызықты ойындар топтап,әрбір күні-сабактар магыналы өтуін қарастырып, балаларға жаз бойы көтерінкі көніл күй ,шаттық, куаныш сыйлайық.

Тындалды:Жазғы маусымда өтетеін жөндеу жұмыстарына балабақша менгерушісі Г.Батыркулова тоқталып өтті.Балабақша ғимаратының қажетті

жерлерін ақтап, сырлау қажет. Құралдардың сынған жерлерін реттеп, жөндетулерінізді тапсырамын. Жөндеу жұмыстары кезінде қауіпсіздік ережесін бұзбай, балалардың және өздерініздің өмір қауіпсіздіктерінізді сақтауға міндеттісіздер. Балабақшаның, ауланың тазалығын сақтау, мұліктерді күтіп ұстау, жөндеу жұмыстарына ынтымақты түрде қатысуға шақырамын деді.

Тындалды: № 1 педагогикалық кеңеске дайындық жөнінде балабақша менгерушісі Г.Батыркулова сөз алды, күн тәртібіндегі басты мәселелер жөнінде әңгіме өткізді. Жалпы балабақша ұжымы «Таным» білім саласын және «Денсаулық» саласын мақсат етіп алып жұмыс жүргізуіді жалғастырамыз, соның ішінде биылғы жаңа оку жылында «Қоршаған ортамен таныстыру» бөліміне тоқталып, тереңдете, қадағалауға алынып, көрнекіліктер толықтырылып, құралдар, дамытушы орталар толықтыруларды тапсырылды. Педагогикалық кеңесте II-кіші топ тәрбиешісі Ж.Киятаева «Қозғалыс және байланыс құралдармен таныстыру» атты баяндама жасау жүктелді. Сонымен бірге осы тақырыпта ойын түрлері мен атрибуттар көрмесіне барлық тәрбиешілер дайындықпен келу тапсырылды.

Шешім:

1. Откен кеңес шешімдерінің орындалуы қадағалансын.
2. Жазғы сауықтыру шаралары жоспар бойынша жауапкершілікпен өткізілсін
3. Жаңа оку жылына дайындықтар жүргізілсін.
4. Жөндеу жұмыстары кезінде қауіпсіздік ережесі сақталсын.
5. №1 пед кеңеске жауапты қызметкерлер, дайындықпен келу.

Төрайымы:

Хатшы:



Г.Батыркулова

А.Серикбаева

ЖШС «Нұр-Саят» бөбекжай балабақшасы



Бекітемін:

Б/б менгерушісі:
Г.Батыркулова.

2019-2020 оқу жылының менгеруші жанындағы кенестің хаттамалары.

Менгеруші жанындағы кеңестің

№1 хаттамасы

09.09.2019ж

Катысқандар: 10

Күн тәртібі:

1. Балабақшаның жаңа оқу жылына дайындығына шолу. Тексерудің қорытындысы.
2. «Ойын арқылы балалардың ойлау қабілеттерін дамыту.». Кеңестер. Әдіскер Н.Умирбекова
3. «Рухани жаңғыру бағдарламасын балабақшада жүзеге асыру жөніндегі жұмыстың болуы»
4. Тіл мерекесіне арналған апталықтың іс-шаралары жөнінде, алтын күз мерекесінің бағдарламасын бекіту.
5. Бастапқы мониторинг жөнінде.
6. Жалпы ата-аналар жиналышына дайындық. Ата-аналармен жұмыс жоспарлау түрлері, жүргізуі. Барлық топта (Жедел бақылау).

Тындалды: Бірінші мәселе бойынша балабақша менгерушісі Г.Батыркулова сейледі. Елбасының Жолдауындағы «Балабақша қызметкерлеріне қойылатын талаптарын, оқыту әдістерін қайта қарау »деген тапсырмасындағы ең маңызды шарттарының бірі-әдістемелік талаптар, ерте жастағы баланы сапалы дамыту тәсілі. Үлгілік оқу бағдарлама мазмұны мен міндеттерін орындауға , өтпелі тақырыптарға негізделген үйымдастырылған оқу қызметінің кестесі бойынша балалардың дене дамуы, ақыл-ой өрісі мен адамгершілік дағдылары және шығармашылық қиялдау, ойлау қабілеттерін дамыту құралдарын толықтыруды қажет етеді. Барлық топтарда табиғат бұрышын, ойыншықтар бұрышын, кезекшілік бұрышын толықтыруды, үлестірмелі материалдарды жаңашаландыруды

тапсырды. Қорытынды анықтама бойынша жазғы жөндеу жұмыстарының сапасы, топтардың тазалығы, жарықтандыру, киім ілетін шкафтардың жеткіліктігі, ата-ана бұрышының, денсаулық бұрышының, табигат бұрыштарының толықтырып безендіруі, үстел-орындықтардың, ыдыстардың, тәсек-жаймалардың жеткіліктілігі, таңбалануы, ойыншықтардың сертификатталғандығы, сөзеттік-рөлдік, дидактикалық ойындар топтамасының болуы, кітап бұрышының жасақталуы тексеріліп, кемшіліктері анықталды. Кемшіліктерді түзетуге 1 апта мерзім берілді. Балабақшада балаға қауіпсіз, ыңғайлы, жан-жақты тәрбие беретін бес салаға арналған дамытушы орта құрылуды қажет. Кереуеттер, шкафттар, түбектер, сұлгілер, тәсек орын нөмірленіп, балалар танитын суреттермен белгіленуі тиіс, балалар тізімі анықталып іліну керек. Балаларға саналы, мазмұнды тәрбие беруде баланың ішкі жан дүниесін жетілдіре түсетін ойындар, оқу қызметтерін өтүге, көретін, бақылайтын, қабілетін арттыратын материалдар болуға тиісті. Топтарды жана оқу жылына безендіріп, дамыту ортасын жаңалап тұрмаса өзінің сипатын, мағынасын жоғалтады.

Тыңдалды: Екінші мәселе бойынша балабақша әдіскері Н. Умирбекова сөйлемеді. «Ойын арқылы балалардың ойлау қабілеттерін дамыту» тақырыбында кеңестер беріп өтті. Кез келген бала да адамның мәдениеті де ойын арқылы дамиды. Ойын дегеніміз-халықтың баланы әдептілікке, сауаттылыққа баулитын құралдарының бірі. Ойынның түрлері өте көп. Мысалы: рөлдік ойындар, дене шынықтыру ойындары, сюжеттік ойындар, дидактикалық ойын элементтерін пайдаланудың маңызы зор. Дидактикалық ойындар баланың ақыл-оыйн дамытып, сабакқа деген қызығушылығын арттырады. Мектеп жасына дейінгі балалардың зейіні тұрақсыз, импульсивті болғанымен қабылдау, есте сақтау қабілеті жақсы дамыған. Сондықтан кез келген сабакты өткізу үшін дидактикалық ойындар қолдана білу керек. Сөйлеуді дамыту сабактарында рөлдік, сюжеттік ойындарды қолдануға болады. Рөлдік ойындар бала өмірінде елеулі орындар алады. Бұл ойындар ұзак та, қысқа да бола алады. Сюжетті-рөлді ойындар бейнелеу құралы мен рөл мен ойын әректі болып табылады. Өзінің сипаты жағынан бұлар көбінесе еліктеу, шындықты көрсету болып табылады. Мысалы «Дүкен» ойынын ойнағанда балалар сатушы және сатып алушының әрекеттеріне елікдейді.

Койылымдық ойындарда рөлдер, ойын әрекеттері қандай шығарманың, ертегінің сюжеті мен мазмұны шарттас болады. Ол сюжетті-рөлді ойынға ұксас болады. Құрылым ойынында балалар көпірлер, темір жолдар т.б. ірі құрылыштар салады. Ұлттық қазақ ойындары: «Қыз қуу», «Орамал тастау», «Асықтар», «Бәйге» ойындары. Сабак барысында да, күннің екінші жартысында да ойынды жүргіземіз. Ойын үстінде баланың түрлі қасиеттері, қабілеті мен белсенділігі де көрінетіні туралы аса көрнекті педагог А.С. Макаренко былай деді: «Ойында бала

қандай болса, өмірде кәсіби саласында, көбінесе сондай болады.» Ойын ойнағанда бөлме теңіз де, ұшақ та , темір жол вагоны да болуы мүмкін.Ойындар мазмұнына қарай, өзіне тән ерекшеліктеріне қарай сюжетті-рлді, драматизациялық, дидактикалық құрылыш ойындары, қимылды ойындар, ұлттық ойындар болып бөлінеді.

Тыңдалды: Бебекжай балабақша менгерушісі Г.Батыркулова сөз алды. Елбасымыздың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты мақаласы-қоғам дамуына тың серпін беріп, барша қазақстандықтардың жаппай қолдауына ие болар тарихи бастама.Бұл игі бастаманы ел ішінде насиҳаттап, лайықты жүзеге асыру-баршамыздың міндетіміз.Елбасымыз Н.Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» бағдарламалық мақаласында көрсетілген басымдықтарды жүзеге асыру мақсатында өткен жылдары ұйымдастырылған «Кеше мен бүгіннің өнегесі-ұрпаққа мұра» атты әжелер сайысында, жас ұрпаққа салт-дәстүрімізді насиҳаттау, ата-баба дәстүрімен тәрбиелеу, әже тәрбиесін ұлгі ету, балаларды қарт адамдарды құрметтеуге үрету, ұмыт қалған әдеп-ғұрпымызды жаңғырту шаралары жүзеге асты. Бұл шараға ауыл әжелері, мектеп ұстаздары, мешіт имамы, әріптестер, тәрбиеленушілер мен ата-аналар қатысты. Ұлт дәстүрі мен мәдениетін, әдеп-ғұрыптарын бойында сақтаған, саусақтарынан өнер тамған әжелеріміз сайыстың шарттарын түгел орынданап ауыл халқын таң қалдырган. Мақталы ауыл әкімшілігінің мәдениет үйінде қыркүйек айында «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» мен «Ұлы даланың жеті қыры» мақаласы аясында ұйымдастырылған «Шаңырағым-шаттығым» атты жас отбасылар байқауы балабақшадағы тәрбиешілердің қатысуымен болып өтті. Бұл байқауда тәрбиешілер өз отбасымен қатысты. Байқаудың мақсаты: отбасындағы ұлгілі тәрбиені дәріптеу. Біздің балабақашадан А.Қантөре қатысты. Байқаудан үшінші орынды иеленді.Біздер педагогтар сан ғасырларда қалыптасқан салт-дәстүрлерді, әдеп-ғұрыптарды жан-жақты терең білумен қатар, балалардың бойына адамдық құндылықтарды терең сіндіріп, рухани жаны таза адамды тәрбиелеуіміз керек. «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» бағдарламалық мақаласының идеясын іске асыру бағытында биыл желтоқсан айына Қазақстан Республикасының 16 желтоқсан Тәуелсіздік күніне арналған «Тұғыры биік, тәуелсіздік» атты салтанатты іс-шара өткізу жоспарланып отыр.Бұл шараның мақсаты: балалардың бойында Қазақстанның өткені мен бүгінгі өмірін салыстыра отырып, халқының тарихын білуге үрету, Тәуелсіздік күні туралы терең мағлұмат беру; Қазақстанның болашақ дамуына өзіндік үлес қосатын, қоғамның бір мүшесі болатын ретінде адам құндылықтарын ұғындыру, жауапкершілік сезімдерін ояту.Ақпан айында «Туган жер» бағдарламасы аясында «Туган жерім-тал бесігім» атты бұрыш жасақталып, бұрышта ауыл тұрғындарының тарихи тұлғаларының, елге енбегі сінген жандардың фото

суреттерін ілу жоспарланып отыр. «Әрбір өлкенің халқына сүйкта пана болған, ыстықта сая болған, есімдері ел есінде сақталған біртуар перзенттері бар. Осының бәрін жас үрпақ біліп өсуі керек» деген елбасымыз Н.Ә.Назарбаев. Мамыр айына «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» бағдарламасы аясында «Мен өз мамандығымды сүйемін» тақырыбында тәрбиешілер сайысын жоспарладық. Мақсаты: мамандық құндылығы туралы түсініктерді кеңейту, маман иелерінің өнегелі өмір жолдары мен еңбек жылдарындағы жетістіктерімен таныстыру.

Тыңдалды: Тіл мерекесіне арналған апталықтың іс-шаралары жөнінде балабақша әдіскері Н.Умирбекова өз сөзінде «Қазақ тілім-ана тілім» апталығы жобасымен таныстырыды. Жобаның мақсаты: өз тіліміздің барлық бала бір-бірімен ой бөлісуге, ана тіліміздің қасиетін, қадірін біліп, құрметтеуге тәрбиелеу. Апталыққа оку қызметі, интелектуалды ойын, ертегі кештерін өткізуі ұсынды. Осыған орай 16-20 қыркүйек аралығында тіл апталығын атап өту жоспары бар, өз ойларының, жоспарларының туралы айтударының, пікір алмасуларыныңға шақырамын деді. Менгеруші келісім берді. «Алтын күз» мерекесінің бағдарламасы жөнінде балабақша ән-саз жетекшісі Л.Абжамиева сөз алды. Балаларды шығармашылыққа байланыстыра отырып, табиғат құбылыстары туралы маусымдық өзгерістерді байқауға табиғаттың сары түске боялып, жаңбыр жауып, егін жиналып, жеміс-жидектердің, көкөністердің пісіп, қамбаға астық толып, үлкендердің еңбегі туралы түсініктерін байытып, кеңейтуде түрлі ойын-сауық, көріністер үйімдастырып, жемістер мен көкөністерден көрме жоспарлануда. Бағдарламамен таныстырылап, бекітілді. Жауапты етіп ән-саз жетекшісі Л.Абжамиеваға және топ тәрбиешілеріне тапсырылды.

Тыңдалды: Балабақша әдіскері Н.Умирбекова Бастанқы мониторинг қорытындысымен қалай жұмыс жүргізу, толтыру жөнінде түсіндіріп өтті. Бастанқы бақылау алдыңғы жастағы топтың мәліметі негізінде жүргізіледі. Осы диагностика негізінде тәрбиеші психологиялық және педагог- мамандармен бірлесе отырып баланың жеке даму деңгейін анықтайды, сондай ақ алдағы жылды балаға педагогикалық қолдау қажет ететін жұмыстың міндеттері анықталады. Бастанқы бақылау қыркүйек айының 1-10 аралығында жасалуы керек.

Тыңдалды : Жалпы ата-аналарға жиналыш жасауға дайындық жөнінде балабақша менгерушісі : Г.Батыркулова сөз алды. Ата-аналармен баланың қауіпсіздігі туралы әңгімелер өткізуіміз қажет. Жаңа келген баланың балабақшага бейімделуі жайлы ата анамен сұхбат жүргізуі керек. Баланың күн тәртібі, тазалығы, төлем ақысы жөнінде әңгімелесеміз.

Шешім:

- 1.Шолу тексеру қорытындылары 10 қыркүйеккеге дейін орындалсын. Жауапты:
- 2.Ұсынылған ойын түрлері сабактарда, серуенде жоспарға ендірілсін.
- 3.Рухани жаңғыру бағдарламасын балабақшада жүзеге асыру жоспарлары бекітіліп, орындалсын.
- 4.Қыркүйектің 16-20 аралығында тіл апталығы өткізілсін. Жауапты: тәрбиешілер.
Қараша айының 10-15 аралығында «Алтын күз» мерекесі өткізілсін. Жауаптылар: ән-саз жетекшісі Л.Абжамиева және тәрбиешілер.
- 5.Қыркүйектің 10-15 аралығында балалардың білім-біліктілік деңгейін анықтау бастапқы мониторинг жүргізілсін.. Жауапты: тәрбиешілер.
- 6.«Баланың балабақшага бейімделуі» баяндамасын дайындау балабақша медбикесі С.Садыбековаға тапсырылсын. Жалпы ата-аналар жиналышы қыркүйек айының 12 жүлдізында өткізілсін

Тәрайымы: *Мансура* Г.Батыркулова

Хатшы : *Алтын күз* А.Серикбаева

менгеруші жанындағы кеңестің

№2 хаттамасы.

18.11.2019 ж

Жиналғандар саны -10

Күн тәртібі:

1. Өткен кеңесінің шешімдерінің орындалуы.
2. «Тіл апталығын», «Алтын күз» мерекесін талқылау.
3. «Табиғат бұрышында еңбектің ұйымдастырылуын және қуралдарды пайдалануын қадағалау» (салыстырмалы).
4. Жыл мезгілдеріне арналған картотекалар. (Көрме)
5. «Тәуелсіз елім - Қазақстан» ашық ұйымдастырылған оқу қызметінің және Жаңа жыл ертеңгілігі сценариімен танысу, бекіту.

Тындалды : балабақша әдіскері Н.Умирбекова өткен кеңестің

қаулылырының орындалуына есеп берді. «Топтардың жаңа оқу жылына дайындығы» шолу тексеру бойынша анықталған кемшіліктердің өз мерзімінде орындалғанынын, топтарда дамыту орталары толықтырылғанын айтЫП ӘТТИ. Дегенмен топтарда театр қуралдары, жаңа әдістерге негізделген ойын қуралдары толық жасалмағанын ескертті. Менгеруші Г.Батыркулова тәрбиешілерге толық орындауға ескерту берді. Тәрбиешілер келісім берді. Сонымен бірге «Қазақ тілім ана тілім» апталығының өткізуіне тоқталды. «Нұршуак» ересектер тобының «Ана тілім –туған тілім» ашық тәрбие сағатында такпақтар бала жасына сай дайындалғанын, балаларға туған тілін құрметтеу, мақал-мәтел құрау сияқты тапсырмаларға балалар белсенді қатысқанын айтЫП ӘТТИ.

Балабақшада тіл апталығының өтілуі «қанағаттанарлық» деп бағалауды ұсынды. Менгеруші келісім берді. «Алтын күз» мерекесі талқыланды.

Сөйлегендер: тәрбиеші ж.Кияева : Ересектер тобының өткізген мерекелік кеші жақсы ӘТТИ. Өңірлік байлығымыз ақ алтын мақтаның пайдасы жайлыш , қауындарбыз киімдерін киіп билегендері, ата-анамен қосылып жасалған жеміс

көкөністерден жасалған көрме көздің жауын алады. Ата-аналар да риза болып ,алғыстарын айтты.

Тындалды: келесі мәселе бойынша балабақша әдіскері Н.Умирбекова сөйледі. Балабақшаның кестесі жоспарындағы «бақылау мен басқару» кестесі бойынша топтарда өткізілген. «Табиғат бұрышында еңбектің үйымдастырылуын және құралдарды пайдалануы» салыстырмалы тексерудің қортындысымен таныстырып өтті. Ол өз сөзінде жалпы іс-әрекетегі баланың дамуына тоқталсақ мақсаты: балаларды еңбек әрекетіне қатыстыру, оған оң көз қараспен тәрбиелеп, алғашқы еңбек дағдылары мен іскерліктерін қалыптастыру жеке және ұжымдық тапсырмаларды орындауға үйрету, тәрбиелігінің көмегімен жұмысты бөліп алуғакелісу берілсін тапсырманы өз уақытында орындау іскерліктерін қалыптастыру. Еңбек мазмұны жағынан; Өзіне-өзі қызмет көрсету тұрмыстық шығармашылық еңбек табиғаттағы еңбек бағдарламада бөлініп берілген. Ересек «Нұршуақ» тобының табиғат бұрышында: Бөлме гүлдері бар, оларды суару, жапырықтарын шаңын сұрту астауларын жуу, қыстап қалатын құстарға жем беру жоспарланған. «Балауса» ортаңғы тобында бөлме гүлдері қойылған, табиғат бұрышындағы гүлдерге су құю, түбін босату, астауларды жуу жоспарланған.

Ұсыныстар: Табиғат бұрышында еңбек құралдары алжапқыш, қолғап, су құйғыштар құралдармен толтыру т.б

Тындалды: Жыл мезгілдеріне байланысты картотекалар көрмесі үйымдастырылды. Көрмені бағалау мен корытындылауда балабақша әдіскері Н.Умирбекова сөз алды.: Бала әлеуметке, көпшілікке, қоғамға ене отырып, өзіне өте көп мағлұматтар алады. Үйымдастырылған оқу қызметтен бөлек серуен кезінде де, еңбек, бақылау, ойын кезінде де жан- жақты дамиды. Біз әр серуенге тақырыптар, бақылау, ойындарды ауа райына, жыл мезгілдері құбылыстарына байланыстыра отырып жоспарлап өткіземіз. Алдын ала картотекалар дайындалады, мазмұны мақсаты қызықты жоспарлануы тиіс.

Картотекалар: «Жұлдыз» кіші тобында тәрбиеші Н.Таспұлатова-«Күз», «Қыс» жыл мезгілдеріне арналған, бақылау, ойын, еңбек, жеке жұмыс жыл мезгіліне сай алынған, тек жас ерекшелігіне сай болуы тиіс. Жаз, көктем мезгілдеріне де жасап қоюы тиіс. «Балауса» ортаңғы тобында тәрбиеші- А.Серикбаева «Күз», «Қыс» тақырыбындағы картотекалар, түрлі-түсті сапалы жасалған. Бақылауда ауа райы, жаңбырдың, сарғайған жапырактар, астық жинау суреттері бейнеленген және қардағы іздер, қардан жасалған мүсіндер, құстардың қысқы тіршілігі жоспарланған.

Ұсыныстар: Көктем, жаз картотекаларын дайындау.

«Балдәурен» ересектер тобының тәрбиешісі Ж.Қиятаева —«Көктем», «Қыс» мезгілдеріне арнап картотекалар жасаған. Сандары аз, толықтыру қажет.

Ұсыныстар: Аяу райының жайын белгілейтін күнтізбе жасау.

Көрмеге орта деген бағамен бағаланды. Алдағы уақытта айтылған кемшіліктер толықтырылсын.

Сөйлегендер: Балабақша әдіскері Н.Умирбекова : «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» бағдарламалық мақаласының идеясын іске асыру бағытында биыл желтоқсан айына Қазақстан Республикасының 16 желтоқсан Тәуелсіздік күніне арналған «Тұғыры биік, тәуелсіздік» атты салтанатты іс-шара өткізу жоспарланып отыр. Бұл шараның мақсаты: балалардың бойында Қазақстанның өткені мен бүтінгі өмірін салыстыра отырып, халқының тарихын білуге үйрету, Тәуелсіздік күні туралы терең мағлұмат беру; Қазақстанның болашақ дамуына өзіндік үлес қосатын, қоғамның бір мүшесі болатын ретінде адам құндылықтарын ұғындыру, жауапкершілік сезімдерін ояту. Балаларға ата-бабамыз аңсаған, армандаған еркіндік, тәуелсіздік. Тәуелсіздік деген- білім, таным, даму, ынтымақ пен бірлік. Еліміздің сауатты да еңбекқор отан сүйгіш, ұл-қыздарымызбени бұлдіршіендеріміз бар екенін көрсете білетін, дәлелдей алатында ұлттық рухани байлыққа сенімге іс-шара болуы тиісті. Тәрбиешілер түгел формада, сән мен мән беретін үлгіде болуға шақырамын. Ал ұлттық іс-шараға рәміздер, әндер, билер, ойындар бағдарламада болуға тиісті. Балаларымыз мерекені сезініп, оларда патриодтық сезім оянып, рухани байлық алыш, естерінде қалатында болуға тиісті деп ойлаймын. Ал жаңа жыл мерекелік іс шарага келсек, әрине ең бірінші ата-аналар шақырылып жиналыс өткізесіздер. Тез жанатын ұлпілдек, түкті кімдерге абай болсын. От шашулар да абылап пайдалансын. Өрт қауіпсіздігін сақтауды ескертініздер жәнеде жаңа жылдық сыйлық тартулар балаға зиянсыз, сапалы тиімді болсын, соны да есте сақтауды ескертініздер. Ал мерекелі бағдарлама әрине қысқы, тартымды, сиқырлы сәттерге толы әдемі костюмде болу. Зал мерекеге сай безендірілген. Номерлердің арасын үзіліп қалғанын есепке алыңыздар. Ата-аналарды қызықты өткізуге іс-шараға белсене қатысуға тырысыныздыр. Барлық бала ойын сауыққа белсене қатыстырылсын тыс қалмасын. Балалар шаршап қалмауында есепке алууды тапсырамын. Сонымен бірге ән-күй жетекшісі Л.Абжамиева Жаңа жыл мерекесі ертеңгілігі сценариімен таныстырылды. Ертеңгілік бала жасына сай, таңғажайып сәттерге негізделіп жобаланған. Тақпақтар, әндер бала жасына сай келеді. Музыкант жаңа жыл ертеңгілігін 25-27 өткізуді

Қаулы:

1. Откен кеңестің шешімдерінің орындалуы қадағалансын. Жауапты: меңгеруші
2. Барлық оку тәрбие жұмысында тіліміздің мәртебесі биік болып, дамыту жұмыстарын жүргізу. Бағдарламалар бекітіліп, мерекелер атап өтілсін. Жауапты: тәрбиешілер, ән жетекшісі, әдіскер
3. Тақырыпты тексеруді ұсыныстар толықтырылып орындалсын.
4. Жыл мезгілдеріне арналған картотекаларды желтоқсан айына дейін барлық топтарда толықтырылсын.

Кеңес төрайымы:  Г.Батыркулова

Хатшысы:  А.Серикбаева

Менгеруші жаңындағы кеңестің

№3Хаттамасы.

10.01.2019 ж

Қатысқандар саны -10

Күн тәртібі:

1. Откен кеңесінің шешімдерінің орындалуы.
2. «Тәуелсіздік күні», «Жаңа жыл» мерекелерін талдау.
3. Аралық мониторинг
4. Педагог мәртебесі туралы Қазақстан Республикасының Заңымен таныстырып, талқылау.

Тындалды Откен кеңестің орындалуы жөнінде балабақша менгерушісі Г.Батыркулова тоқталып өтті. Балаларды дамытуда үнемі қоршаған ортамен, табиғатпен байланыстыра отырып дамыту тиімді әдіс-тәсіл. Осы мазмұнда өтпелі тақырыптар да бекітілген. Ал серуенде де сол жыл мезгіліндегі құбылыстар, өзгерістер, ерекшеліктерге мән беріп, балалармен бақылап, зерттеп білімдерін бекітеміз. Оларға бәрі қызық, жаңбырдың жауғаны, қардың еруі, мұздың түсуі, қыстың сұлулығы. Жылдық серуеннің мақсат міндеттерін картотекаға түсірulerін жоспарлағанбыз. Тәрбиешілер толықтыруда.

Тындалды: «Нұршуақ» ересектер тобының тәрбиешісі Б.Сарсенбаева Тәуелсіздік күніне арналған «Менің Қазақстаным» тақырыбында ашық ұйымдастырылған оқу қызметін талқылайтын болсақ, сабак қызықты өтті, балалар түгел қатысты. Отан туралы түсініктерін қалыптастырып, Қазақстанның тәуелсіздігі жайлы көп

мағлұмат берді. Тәуелсіздік сөзінің мән-мағынасын, рәміздерін таныстырыды. Балалар да, тәрбиеші де формада болды. Жақсы деген баға қойылды.

Сонымен бірге барлық топтардың жаңа жылдық мерекесіне тоқталсақ, тәрбиешілер акт залды өте әдемі безендіріпті. Жасыл шыршаның шамдары жанып, Аяз ата мен Қарша қыздың, Жалмауыз кемпір мен Тышқаннаның киімдері өте керемет. Балалар әуенге сай қимылдан билеуі, әндерін сахнаға шығып емін еркін үстап, орындауды әрине ән-саз жетекшісі Л.Абжамиева еңбегі. Балаларға, ата-аналарға керемет көңіл-күй сыйладық деуге болады.

Тындалды: Балабақша менгерушісі Г.Батыркулова балабақшаның Үлгілік оку бағдарламасы мазмұнын игеру бойынша аралық мониторинг нәтижелерімен таныстырып өтті.

Үлгілік оку бағдарламасының 1 тоқсанға арналған нәтижелерін менгеру деңгейі орташа, жас ерекшелігіне сай талап, мақсат міндеттер жоспарланған. Жоспар бойынша оку тәрбие үдерісін жүргізуі тапсырылды.

Тындалды: Балабақша менгерушісі Г.Батыркулова Мемлекет басшысы

К.К. Тоқаевтың 2019 жылы 27 желтоқсанда «Педагог мәртебесі туралы» Занымен таныстырылды. Білім және ғылым министрі А.Айтмағамбетов 2020 жылы «Педагог мәртебесі туралы» заныңды іске асыру кезеңіне көшу басталатыны, жалпы заң 21 баптан және 4 бағытты қамтиды деді. «Педагог мәртебесі туралы» заң жобасында мектепке ұйымдардың педагогтары үшін не көзделген.

-2020 жылы жалақыны 25 % өсіру-4 жыл ішінде екі есеге арттыру

-Еңбек демалысының 42 күннен 56 күнге ұзарту

-Педагогикалық шеберлігі үшін лауазымдық жалақыдан 30 %-дан 50% аралығында жаңа қосымша ақы төлеу

-Педагогты өз міндетіне жатпайтын функцияларға тартудыдан қорғау.

-Педагогтардың балаларына түрғылықты жері бойынша мектепке дейінгі ұйымдарға бірінші кезекте орын беру.


Сонымен бірге «Педагог мәртебесі туралы» занда орта білім беру ұйымдарының педагогтары үшін көзделген мәселелерге тоқталды. Сонымен бірге осы Заның педагог мәртебесін айқындайтын, педагогтың құқықтарын, әлеуметтік кепілдіктерін және шектеулерін, міндеттері мен жауапкершіліктерін белгілейтінін түсіндірді. Сонымен бірге оку тәрбие

ұдерісінде «Педагог мәртебесі туралы» Заң негізінде және білім беру бөліміне тапсырылған кесте бойыншға педагогтарымыз шеберліктерін, біліктілігін арттыру оқуларына баруды жалғастыратыны туралы да айтып өтті.

Шешім:

- 1.Мерекелік іс-шаралар тақырыбына , мақсатына сай жауапкершілікпен өткізуі тиіс.
- 2.Балалардың білім біліктілігін дамытуда үлгілік оку бағдарламасы күтілетін нәтижесі негізінде жүргізілсін.
- 3.Әрбір педагог өз кәсіби құзіреттілігін, міндеттерін адал, жауапкершілікпен атқарсын.

Кеңес төраймы:  Г.Батыркулова

Хатшысы:  А.Серикбаева

Менгеруші жанындағы көңестің

№4 Хаттамасы.

17.03.2020 ж

Жиналғандар саны -11

Күн тәртібі:

1. 8 наурыз, Наурыз мерекелерінің сценарилерін бекіту.
2. Еңбек тәрбиесінің деңгейі, еңбек әрекетін ұйымдастыру және жоспарлай білу қабілеті. Жедел тексеру қорытындысы.
3. Кіріс құжаттарды талқылау

Т ы ң д а л д ы : Балабақаша менгерушісі Г.Батыркулова 8 наурыз мерекесінің өтілуіне тоқталды. «Нұршуақ» ересек тобы аналар күніне арнап екі топ бірігіп, «Анашым-жан шуағым» атты ертеңгілікке дайындық жүріп жатыр. Ертеңгіліктің сценариімен таныстым. Ән, би жақсы мерекеге сай, тандалынып алынған. Аналармен бірге өткізілетін ойындары, көріністері жақсы ұйымдастырылған. Залды безендіру жұмыстары жүріп жатыр. Аналарға арналған балалардың сыйлықтары жапсыру сабағында жалғастырылуда.«Балауса» ортаңғы тобында «Анашым-күннің шуағынан жаралған» атты ертеңгіліктің сценариіне келер болсақ, сценарий жобасы ортаңғы топ балаларына күрделілеу болады. Бала жасына қындық тудырады. Билерінің музыкасы бала жасына сай емес, әрі ұзақтау. Бала би 2 минуттан тұрса да жеткілікті.Әйтпесе көрерменді жалықтырып жібереді. Әнді өз дауысымен айтуға дағдыландыру керек. Әйткені біз балаларды жалқаулыққа тәрбиелейміз, бала өзі баянның сүйемелдеуімен айтса, шынайы әрі жақсы шығар еді.

Осы кемшіліктерді тезірек түзеп, жоспар бекітілсін. Тәрбиешілер толық келісетіндіктерін білдірді.

Тыңдалды: Екінші мәселе бойынша менгеруші Г.Батыркулова сөйледі. Еңбек тәрбиесінің деңгейі, еңбек әрекетін ұйымдастыру және жоспарлай білу қабілеті. Жедел тексеру қорытындысын талқылау.

Еңбек тәрбиесіне байланысты А.Мишарина өзінің ғылыми зерттеуінде «Еңбек баланың адамгершілік дағдыларын дамытумен қатар, нерв жүйесінің икемділігін арттырып қарапайым еңбек түрлерінің машық дағдыларын меңгертуі»-деген болатын. Балабақшадағы балалардың еңбек тәрбиесі-тәрбиешінің ең маңызды құралы. Еңбек тәрбиесі арқылы баланың әдет-дағдысы және ынталығы, байқампаздығы айналаны қоршаған өмірге қызығушылығы дамиды, адамгершілік қасиеттерімен бірге іскерлік, еңбекке мәдениеттілік қасиеттері қалыптасады.

Сөйлегендер: балабақша әдіскері Н.Умирбекова балалар бақшасындағы балалар еңбегі алуан түрлі. Бұл олоардың қызметке ынтастын сақтауға, оларды жан-жақты тәрбиелеуге мүмкіндік береді. Балалар еңбегінің төрт түрі бар:

- Өзіне өзі қызмет көрсету
- Шаруашылық- тұрмыстық еңбек
- Табиғаттағы еңбек
- Қол еңбегі

Еңбектің жекелеген түрлерінің үлес салмағы түрлі жас кезеңдерінде бірдей емес. Олардың әрқайсының тәрбие міндеттерін шешуде белгілі өз мүмкіндіктері бар,-деп әрқайсына жеке тоқталып өтті.

Сөйлегендер: «Нұшуақ» ересектер тобының тәрбиешісі Б.Сарсенбаева: Бала еңбегінің үйде қалай жалғасатынын ата-анамен байланыста болып, баланы еңбекке бірге тәрбиелейміз. Таңертең балабақшаға келгенде, кешкісін қайтқанда балалардың өздері киініп-шешінуге мүмкіндік берулерін үнемі ата-анасына ескертіп отырамын. Анасы үй жинағанда қыз баланың шамасы келетін жұмыстарға көмектесуі, жихаздардың, бөлме гүлдерінің шаңын сұртуі, әкелері аула тазалағанда немесе басқа іс-әрекеттерді жас шамасына қарай атқаруға ақыл кеңестер беріп отырамын.

Сөйлегендер: «Балауса» ортанғы тобының тәрбиешісі А.Серикбаева: Мен тәрбиеші ретінде алдыма бірнеше міндет қойдым.

1.Балаларға қарапайым кішігірім процестерді игеруге көмектесемін. (шұлықты киуге немесе шешуге, түймелерді салу, жуыну т.б.) Яғни осыдан біртұтастық процесс құрылады.

2. Тамақ ішу кезінде үстел үстінде гигиеналық тәртіп ережесін сақтау.

3. Аяқ киім және киім-кешек туралы анық түсініктеме беріп, олардың негізгі мақсатын қолдану тәсілдері балалардың өзіне қызмет жасау кезінде, заттарды қолдану ережелерін қалыптастыру.


4. Қатарластарымен бірігіп еңбек ету кезінде қолдау көрсету.

Алдағы күндерге «Біз еңбек етуден қорықпаймыз» атты ашық есік күнін жоспарладық.

Сейлекендер: балабақша әдіскері Н.Умирбекова - Балалардың еңбекке деген дұрыс көзқарастарын білу мақсатында ата-аналарға «Сіз және сіздің балаңыз» атты сауалнамалар өткіздік. Сауалнамаларға қарап мынадай қорытынды шығардық. Негұрлым үйымшыл, ұқыпты отбасының балаларының еңбекке деген қызығушылығы басым.«Бала өмірді танып, еңбекке араласады» деген диагностикалық қорытындысында балалардың 60/пайызы жақсы көрсеткішке жетті. Өзіне өзі қызмет көрсетуде 85/пайызы жақсы нәтижеге жетті. Эрбір баланың әр түрлі тапсырмаларды мейлінше жиі орындал тұруын, кезекші болуын, ұжымдық жұмысқа қатысуын қадағалап отыру керек. Сондықтан жастан-жасқа өткен сайын тәрбиелік міндеттерді бірте-бірте қыындастып, балаларды еңбекке тәрбиелеу жұмысын талдап, баға беріп отыру қажет,-деп аяқт

Шешім:

5. Мерекелік іс-шаралар тақырыбына , мақсатына сай жауапкершілікпен өткізілуі тиіс.
6. Еңбек әрекетін үйымдастыру әр топта жасына сай жүргізілсін.

Кеңес тәрайымы:  Г.Бактыркулова

Хатшысы:  А.Серикбаева

№5 мәңгеруші жаңындағы кеңес хаттамасы.

17.05.2020 ж

Қатысқандар -11

Күн тәртібі:

1. Өткен кеңестің шешімінің орындалуы
2. 8 наурыз ,22 наурыз мерекелерін талқылау
3. 1 мамыр, 9 мамыр мерекелерінің сценарилерін бекіту
4. Қорытынды мониторинг нәтижесі
5. Жазғы маусымға арналған іс-шараларды бекіту.

Бірінші мәселе бойынша өткен кеңестің орындалуы жөнінде
балабақша мәңгерушісі Г.Батыркулова тоқталып өтті:

Еңбек тәрбиесі арқылы баланың әдет-дағдысы және ынталығы,
байқампаздығы айналаны қоршаған өмірге қызығушылығы дамып
адамгершілік қасиеттері мен еңбекке мәдениеттілік қасиеттері
қалыптасатынын айтып өтті .

Екінші мәселе бойынша балабақша мәңгерушісі Г.Батыркулова
наурыз айындағы мерекелер карантин талаптарына сай өтілгендерін
атап өтті.Ата-аналардың қатысуының өтілгендерінен 8 наурыз
мерекесінің ертеңгілігі суреттер мен видеороликтер ата-аналар
чаттарына жіберілді.

3. Сөйлемді: Балабақша мәңгерушісі: Г.Батыркулова –1 мамыр мен 9
мамыр мерекелерін балалармен ән, би, тақпақтар айтып, жақсы
көңіл-күйде мерекені тойлайық. Ата-аналарда баға жетпес
байлығымыз Бірлік күні мен Жеңіс күнін атап өтуде , осынау қын
кезде бірлесе отырып қыншылықты жеңіуіміз үшін жақсы тілектерін
білдірген видеороликтер жолдасын,балалар тақпақтар айтып, сурет
салудан сайыс өткізейік.

4.Балабақша менгерушісі Г.Батыркулова Үлгілік оку бағдарламасы мазмұнын игеру бойынша аралық даму мониторингінің нәтижесі айтылды. Тәрбиешілердің берген бақылау парагының нәтижесі бойынша жиынтық есеп жасалды. Жиынтық есеп бойынша Үлгілік оку бағдарламасын игерудің жалпы деңгейі қанағаттанарлық деген баға берілді ,қорытынды жасалды.

Сөйлемді балабақша менгерушісі Г.Батыркулова еліміздегі карантин талаптарына сай жиналыстар,ата-аналар жиналыстары онлайн форматта өткізіледі.Әр топтың тәрбиешілері ата-аналарға чат ашып вадсап желісі арқылы ата-аналармен жұмыс жргізсін.Қашықтықтан оқытурежимінде бейнесабақтар өткізілсін.


Балабақшада кесте бойынша кезекші топ жұмыс істейді,балабақшаны дезинфекциялау,тазалау,желдету жұмыстары әр аптада жүргізіледі.

Ата-аналармен баланың қауіпсіздігі туралы кеңестер өткізуіміз қажет. Баланың үйдегі күн тәртібі, санитарлық талаптарды үйде де сақтау туралы кеңестер беріледі.

Шешімі :

- 1.Өткен кеңес шешімдерінің орындалуы қанағаттанарлық.
2. 8 наурыз ,22 наурыз мерекелері қорытындыланды.
- 3.Корытынды мониторинг нәтежелері қанағаттанарлық деп табылсын.
- 4.Карантиндік режимге байланысты санитарлық талаптар сақталсын.

Төрайымы:  Г.Батыркулова

Хатшысы:  А.Серікбаева

ЖШС «Нұр-Саят» бөбекжай балабақшасы



Бекітемін:

Б/б менгеруші:

Г.Батыркулова.

2020-2021 оқу жылының менгеруші жанындағы кенестің хаттамалары.

Менгеруші жанындағы жиналыстың

№1 хаттамасы

07.09.2020ж

Қатысқандар: 12

Күн тәртібі:

- 1.Балабақшаның жаңа оқу жылына дайындығына шолу.Тексерудің қорытындысы.
- 2.Заттық дамытушы ортаны құру. Барлық топтарда (Жедел бақылау).
3. Тіл мерекесіне арналған апталықтың іс-шаралары жөнінде, Алтын күз мерекесінің бағдарламасын бекіту.
4. Жалпы ата-аналар жиналысына дайындық. Ата-аналармен жұмыс жоспарлау түрлері, жүргізуі. Барлық топта (Жедел бақылау).

Тындалды: Бірінші мәселе бойынша балабақша менгерушісі Г.Батыркулова сөйлемді.. Барлық топтарда табиғат бұрышын, ойыншықтар бұрышын, кезекшілік бұрышын толықтыруды, үлестірмелі материалдарды жаңашаландыруды тапсырды. Қорытынды анықтама бойынша жазғы жөндеу жұмыстарының сапасы, топтардың тазалығы, жарықтандыру, киім іletін шкафтардың жеткіліктігі, ата-ана бұрышының, денсаулық

бұрышының, табиғат бұрыштарының толықтырып безендіруі, үстел-орындықтардың, ыдыстардың, төсек-жаймалардың жеткіліктілігі, таңбалануы, ойыншықтардың сертификатталғандығы, сәжеттік-рөлдік, дидактикалық ойындар топтамасының болуы, кітап бұрышының жасақталуы тексеріліп, кемшіліктері анықталды. Кемшіліктерді түзетуге 1 апта мерзім берілді. Кереуеттер, шкафттар, түбектер, сұлгілер, төсек орын нөмірленіп, балалар танитын суреттермен белгіленуі тиіс, балалар тізімі анықталып іліну керек.

Тындалды: Балабақша менгерушісі Г.Батыркулова -балабақшада балаға қауіпсіз, ыңғайлы, жан-жақты тәрбие беретін бес салаға арналған дамытушы орта құрылуды қажет. Балаларға саналы, мазмұнды тәрбие беруде баланың ішкі жан дүниесін жетілдіре түсетін ойындар, оқу қызметтерін өтүге, көретін, бақылайтын, қабілетін арттыратын материалдар болуға тиісті.

Топтарды жаңа оқу жылына безендіріп, дамыту ортасын жаңалап отыру керек. Балабақшада заттық дамытушы ортаны ұйымдастыру ерекшелігіне келер болсақ,

- балабақшаның жас ерекшелік топтарына сәйкес заттық-дамытушы ортаны жобалау керек. Мектепке дейінгі ұйымда заттық дамытушы ортаны ұйымдастыру мектеп жасына дейінгі балаларды жан-жақты, үйлесімді тәрбиелеуге мүмкіндік береді және ол ақпараттық қызметті атқарады, яғни әр зат қоршаған орта жөнінде нақты мәлімет береді, әлеуметтік тәжірибе жеткізу құралы болып табылады. Әр топтағы балалардың жас ерекшелігіне сәйкес құрылған орта біртұтас күн реттілімінде білім беру, дамытушы, тәрбиелеуші, ынталандырушы, ұйымдастырушы, коммуникативтік функцияларды атқарады. Осы талаптарға орай балабақша тәрбиешілеріне топта заттық-дамытушы орта құру үшін әдістемелік көмек, бағыт беріледі. Өйткені, әр тәрбиеші өз тобының ерекшелігін айқындаپ, балалардың жас ерекшелігін ескеріп және білім салаларының мазмұнына сәйкес келетін ойындар мен құралдарды жинақтап білуі тиіс. Балаларды қоршаған ортасын

Ыңғайлы әрі эстетикалық түрғыдан әсем болуы топтық дамытушы ортаны құруда өте маңызды. Әдемілік баланы қалыптастырады. Сондықтан, бұрыштардың эстетикасына назар аударған жөн. Бұл ортада мектепке дейінгі жастағы бала өз физикалық қызметтерін дамытады, сезімталдық қасиеттерін қалыптастырады, өмірлік тәжірибе жинайды, түрлі заттар мен құбылыстарды реттеуге және салыстыруға үйренеді. Сонымен қатар, заттық кеңістік ортасы балалардың эмоциясына әсер етеді, олардың іс-әрекетке деген ынтасын оятады. Мәселен, спорттық құралдар дене, сауықтыру іс-әрекетіне баулиды, осы әрекеттер барысында баланың өз денсаулығына, гигиенасына, қозғалыс ептіліктері мен дағдыларына деген ұстанымы қалыптасады; алуан түрлі құралдар – бояулар, қылқаламдар, қарындаштар, мата т.б. – өнімді іс-әркекетте әлемді танудағы өзіндік көркем қабылдауын көрсете білуге мүмкіндік береді.

Балабақшада төмендегідей орталарды ұйымдастыру қажет:

Білім беру аймағы – оку іс-әрекетіне (сенсорика, айналамен таныстыру, сөйлеуді дамыту т.б.) қажетті материалдар орналастырылған бұрыш;

Құрастыру, музыка аймақтары; Театр бұрышы; Ойын бұрыштары;
Кішкене стадион; Табиғат бұрышы;

Дербес іс-әрекеттер аймағын топтық бөлмелерде, шешіну бөлмелерінде құрған дұрыс. Балалардың, олардың отбасы фотосуреттерін, балалардың суреттерін қоюға болады.

Заттық-дамытушы ортаны құруда шығармашылық иедяларда шек **жок, дегенмен** ең бастысы баланың жас ерекшелігі, қызығушылығы **және** осы ортада өзін еркін сезініп, орта материалдарын қолдана **алуына** мүмкіндік берілуі маңызды шарт.

Тындалды: Тіл мерекесіне арналған апталықтың іс-шаралары **жөнінде** балабақша әдіскері Н.Умирбекова өз сезінде «Қазақ тілім-ана тілім» апталығы жобасымен таныстырды. Жобаның мақсаты: өз тілімізде барлық бала бір-бірімен ой бөлісуге, ана

тіліміздің қасиетін, қадірін біліп, құрметтеуге тәрбиелу. Апталыққа оқу қызметі, ертегі кештерін өткізуді ұсынды. Осыған орай 14-18 қыркүйек аралығында тіл апталығын онлайн арқылы атап өту жоспары бар, өз ойларыңыз, жоспарларыңыз туралы айтударынызды, пікір алмасуларыңызға шақырамын деді. Менгеруші келісім берді.

«Алтын күз» мерекесінің бағдарламасы жөнінде балабақша сазгері Л.Абжамиева сөз алды. Балаларды шығармашылыққа байланыстыра отырып, алтын күз, жомарт күз туралы, ондағы үлкендердің еңбегі туралы түсініктерін байытып, кеңейтуде түрлі слайдтар жасап балаларға онлайн арқылы көрсетіп, ұйымдастырып, жемістер мен көкөністерден көрме жоспарланып, ата-аналарға үйде жемістер мен көкөністерден балалардың қалаған кейіпкерлерін жасап беруді өтініп, суреттерін ватсап желісі арқылы жіберіп, көрме ұйымдастырсақ деп өтіндік. Бағдарламамен таныстырылып, бекітілді. Жауапты етіп балабақша әдіскері Н.Умирбекова және сазгер Л.Абжамиева және топ тәрбиешілеріне тапсырылды.

Тыңдалды: Балабақша әдіскері Н.Умирбекова: Бастапқы мониторинг қорытындысымен қалай жұмыс жүргізу, толтыру жөнінде түсіндіріп өтті. Бастапқы бақылау алдынғы жастағы топтың мәліметі негізінде жүргізіледі. Осы диагностика негізінде тәрбиеші психолог және педагог- мамандармен бірлесе отырып баланың жеке даму деңгейін анықтайды, сондай ақ алдағы жылы балаға педагогикалық қолдау қажет ететін жұмыстың міндеттері анықталады. Бастапқы бақылау қыркүйек айының 1-10 аралығында жасалуы керек.

Тыңдалды : Жалпы ата-аналарға жиналыс жасауға дайындық жөнінде балабақша менгерушісі Г.Батыркулова сөз алды.

Ата-аналармен жиналыс онлайн түрде болады. Әр топ өз тәрбиешілері арнағы чат ашып, әлеуметтік желісі арқылы ата-аналармен жұмыс жүргізсін. Қашықтықтан оқыту режимінде балаларға бейнесабактар өту үшін, ата-аналардың сұраныстары болуы тиіс, әр отбасыда қолжетімді байланыс түрлері, интернет болуы керек. Ата-аналар сабак барысында, баланың сабакты қабылдауы туралы және т. б. барлық сұрақтарды нақтылау үшін

көрі байланыс арқылы ата-аналармен өзара іс-қимылды қамтамасыз етіп отыруы тиіс. Ата-анаға үйымдастырылған оку қызметінің кестесі жіберіледі.

Ата-аналармен баланың қауіпсіздігі туралы кеңестер өткізуіміз қажет. Баланың үйдегі күн тәртібі, санитарлық талаптарды үйде де сақтау туралы кеңестер беріледі.

Шешім:

- 1.Шолу тексеру қорытындылары 10 қыркүйекке дейін орындалсын. Жауапты: тәрбиешілер.
- 2.Балабақшада заттық дамытушы орта құрылсын.
- 3.Қыркүйектің 14-18 аралығында тіл апталығы өткізілсін. Жауапты: тәрбиешілер.
Қазан айының 12-15 аралығында «Алтын күз» мерекесі өткізілсін.
Жауаптылар: ән-саз жетекшісі Л.Абжамиева және тәрбиешілер.
- 4.Жалпы ата-аналар жиналысы қыркүйек айының 13 жүлдізында арнайы чат ашылып, онлайн түрде өткізілсін.

Төрайым:
Хатшы:




Г.Батыркулова
А.Серикбаева

Менгеруші жаңындағы кеңестің

№2 хаттамасы.

18.11.2020 ж

Жиналғандар саны -12

Күн тәртібі:

1. Откен кеңесінің шешімдерінің орындалуы.
2. «Тіл апталығын», «Алтын күз» мерекесін талқылау.
3. «Таным білім беру саласының жұмыстарының жүргізілу жағдайын бақылау.» Салыстырмалы бақылаудың қорытындысы.
4. «Тәуелсіз елім - Қазақстан» ашық ұйымдастырылған оқу қызметінің және Жаңа жыл ертеңгілігі сценариімен танысу, бекіту.

Тындалды : балабақша әдіскері Н.Умирбекова откен кеңестің қаулылырының орындалуына есеп берді. «Топтардың жаңа оқу жылына дайындығы» шолу тексеру бойынша анықталған кемшіліктердің өз мерзімінде орындалғанынын, топтарда дамыту орталары толықтырылғанын айтып өтті. Дегенмен топтарда театр құралдары, жаңа әдістерге негізделген ойын құралдары толық жасалмағанын ескеrtti.

Менгеруші Г.Батыркулова тәрбиешілерге толық орындауға ескерту берді. Тәрбиешілер келісім берді.

Сонымен бірге «Қазақ тілім- ана тілім» апталығының өткізілуіне тоқталды. «Нұрушақ» ересектер тобының «Ана тілім –туған тілім» ашық тәрбие сағаты онлайн өтті. Балалар үйге берілген тақпақтарын жаттап, ватсал арқылы сабакқа қосылып, берілген сұрақтарға , тапсырмаларға белсенді қатысып отырды.

Тәрбиеші Б.Сарсенбаева ортаңғы тобында «Тіл халық қазынасы» ашық оқу қызметі талапқа сай дайындалған. Көрнекі құралдар алдын ала дайындалған. Топтан 20 бала қатысып отырды. Балабақшада тіл апталығының өтілуі «қанағаттанарлық» деп бағалауды ұсынды.

Менгеруші келісім берді.

Сөйледі : Балабақша сазгері Л.Абжамиева «Алтын күз» мерекесі жайлыштып өтті. –Әрине бізге оңай болған жоқ, әлеуметтік желіде іс-шара өту өте қыын. Дегенмен де ата-аналарға рахмет, бізben кері байланысқа шығып отырды, үйге берілген тапсырмаларды балалармен қосылып орындады. Ата-аналар берілген тапсырма бойынша көкөністер мен жемістерден түрлі заттар жасап, ватсапқа салып отырды. Балалар күз туралы әнді жаттап айттып берді.

Тындалды: келесі мәселе бойынша балабақша әдіскер Н.Умирбекова сөйледі. Балабақшаның кестесі жоспарындағы «бақылау мен басқару» кестесі бойынша ересек топтарда өткізілген. «Таным білім беру саласының жұмыстарының жүргізу жағдайын бақылау» салыстырмалы тексерудің қортындысымен таныстырып өтті.

Тындалды: Жыл мезгілдеріне байланысты картотекалар көрмесі үйымдастырылды. Көрмені бағалау мен қорытындылауда балабақша әдіскері Н.Умирбекова сөз алды.: Бала әлеуметке, көпшілікке, қоғамға ене отырып, өзіне өте көп мағлұматтар алады. Үйымдастырылған оқу қызметтен бөлек серуен кезінде де, еңбек, бақылау, ойын кезінде де жан-жақты дамиды. Біз әр серуенге тақырыптар, бақылау, ойындарды ауа райына, жыл мезгілдері құбылыстарына байланыстыра отырып жоспарлап өткіземіз. Алдын ала картотекалар дайындалады, мазмұны мақсаты қызықты жоспарлануы тиіс.

Картотекалар:

«Шағала» кіші тобында тәрбиешісі Н.Таспұлатова «Күз», «Қыс» жыл мезгілдеріне арналған, бақылау, ойын, еңбек, жеке жұмыс жыл мезгіліне сай алынған, тек жас ерекшелігіне сай болуы тиіс. Жаз, көктем мезгілдеріне де жасап қоюы тиіс.

«Балауса» ортаңғы тобында тәрбиешісі Б.Сарсенбаева-«Күз», «Қыс» тақырыбындағы картотекалар, түрлі-түсті сапалы жасалған. Бақылауда ауа райы, жаңбырдың, сарғайған жапырактар, астық жинау суреттері бейнеленген және қардагы іздер, қардан жасалған мүсіндер, құстардың қысқы тіршілігі жоспарланған.

Ұсыныстар: Көктем, жаз картотекаларын дайындау.

«Нұршуақ» ересек тобының тәрбиешісі Ж.Қиятаева—«Көктем», «Қыс» мезгілдеріне арнап картотекалар жасаған. Сандары аз, толықтыру қажет.

Ұсыныстар: Ауа райының жайын белгілейтін күнтізбе жасау.

Көрмеге орта деген бағамен бағаланды. Алдағы уақытта айтылған кемшіліктер толықтырылсын.

Сөйлегендер: Балабақша әдіскері Н.Умирбекова : «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» бағдарламалық мақаласының идеясын іске асыру бағытында биыл желтоқсан айына Қазақстан Республикасының 16 желтоқсан Тәуелсіздік күніне арналған «Тұғыры биік, тәуелсіздік» атты салтанатты іс-шара өткізу жоспарланып отыр. Бұл шараның мақсаты: балалардың бойында Қазақстанның өткені мен бүгінгі өмірін салыстыра отырып, халқының тарихын білуге үйрету, Тәуелсіздік күні туралы терең мағлұмат беру; Қазақстанның болашақ дамуына өзіндік үлес қосатын, қоғамның бір мүшесі болатын ретінде адам құндылықтарын ұғындыру, жауапкершілік сезімдерін ояту.

Балаларға ата-бабамыз аңсаған, армандаған еркіндік, тәуелсіздік. Тәуелсіздік деген- білім, таным, даму, ынтымақ пен бірлік. Еліміздің сауатты да еңбеккөр отан сүйгіш, ұл-қыздарымызбени бүлдіршіндеріміз бар екенін көрсете билетін, дәлелдей алатында ұлттық рухани байлыққа сенімге іс-шара болуы тиісті. Тәрбиешілер түгел формада, сән мен мән беретін үлгіде болуға шақырамын. Ал ұлттық іс-шараға рәміздер, әндер, билер, ойындар бағдарламада болуға тиісті. Балаларымыз мерекені сезініп, оларда патриодтық сезім оянып, рухани байлық алғып, естерінде қалатында болуға тиісті деп ойлаймын. Ал жаңа жыл мерекелік іс шараға келсек, әрине ең бірінші ата-аналар шақырылып жиналыс өткізесіздер. Тез жанатын үлпілдек, түкті кімдерге абай болсын. От шашулар да абылап пайдалансын. Өрт қауіпсіздігін сақтауды ескертініздер жәнеде жаңа жылдық сыйлық тартулар балаға зиянсыз, сапалы тиімді болсын, соны да есте сақтауды ескертініздер. Ал мерекелі бағдарлама әрине қысқы, тартымды, сиқырлы сәттерге толы әдемі костюмде болу. Зал мерекеге сай безендірілген. Номерлердің арасын үзіліп қалғанын есепке алыңыздар. Ата-аналарды қызықты өткізуғе іс-шараға белсене қатысуға тырысыныздыр. Барлық бала ойын сауыққа белсене қатыстырылсын тыс қалмасын. Балалар шаршап қалмауында есепке алуды тапсырамын.


Сонымен бірге ән-күй жетекшісі Л.Абжамиева Жаңа жыл мерекесі ертеңгілігі сценариімен таныстырылды. Ертеңгілік бала жасына сай,

танғажайып сөттерге негізделіп жобаланған. Такпақтар, әндер бала жасына сай келеді. Музыкант жаңа жыл ертеңгілігін 25-27 өткізуді ұсынды.

Қаулы:

1. Отken кеңестің шешімдерінің орындалуы қадағалансын. Жауапты: менгеруші Г.Батыркулова.
2. Барлық оку тәрбие жұмысында тіліміздің мәртебесі биік болып, дамыту жұмыстарын жүргізу. Бағдарламалар бекітіліп, мерекелер атап өтілсін. Жауапты: тәрбиешілер, ән жетекшісі, әдіскер
3. Тақырыпты тексеруді ұсыныстар толықтырылып орындалсын.
4. Жыл мезгілдеріне арналған картотекаларды желтоқсан айына дейін барлық топтарда толықтырылсын.

Кеңес төрайымы:  Г.Батыркулова

Хатшысы:  А.Серикбаева

Менгеруші жаңындағы кеңестің

№ 3 хаттамасы.

10.01.2020 ж

Жиналғандар саны -12

Күн тәртібі:

1. Откен кеңесінің шешімдерінің орындалуы.
2. «Тәуелсіздік күні», «Жаңа жыл» мерекелерін талдау.
3. Аralық мониторинг нәтижесі.
4. «Шығармашылық» білім беру саласының жүргізілуі

Тындалды : Откен кеңестің орындалуы жөнінде балабақша менгерушісі

Г.Батыркулова тоқталып өтті. Тәрбиешілер толықтыруда.

Тындалды:

«Нұршуақ» ересектер тобының тәрбиешісі Тәуелсіздік күніне

арналған «Менің Қазақстаным» тақырыбында ашық үйымдастырылған оқу қызметін талқылайтын болсақ, сабак онлайн ретінде қызықты өтті, балалар белсene қатысты. Отан туралы түсініктерін қалыптастырып, Қазақстанның тәуелсіздігі жайлы көп мағлұмат берді. Тәуелсіздік сөзінің мән-мағынасын, рәміздерін таныстыруды. Тәрбиешілер Жақсы деген баға қойылды.

Сонымен бірге топтардың жаңа жылдық мерекесіне тоқталсақ, ата-аналар балаларды Жаңа жыл мейрамына киіндіріп, тақпақтарын айтқызып, ватсан арқылы тәрбиешіге жіберді. Тәрбиеші балаларды мактап, смайликтер арқылы ризашылығын білдірді.

Жаңа жылдық әндер жіберіп, балаларға, ата-аналарға керемет көңіл-қүй сыйладық деуге болады.

Тындалды: Балабақша менгерушісі Г.Батыркулова балабақшаның Үлгілік оқу бағдарламасы мазмұнын игеру бойынша аралық мониторинг нәтижелерімен таныстырып өтті.

Улгілік оку бағдарламасының 1 тоқсанға арналған нәтижелерін менгеру деңгейі орташа, жас ерекшелігіне сай талап, мақсат міндеттер жоспарланған. Жоспар бойынша оку тәрбие үдерісін жүргізуі тапсырды.

Тыңдалды: Балабақша меңгерушісі Г.Батыркулова топтардың шығармашылық саласы бойынша жұмыстардың жүргізілуіне тоқтап етті.

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты оку жүктемесіне 5 білім саласының мазмұны кіреді:

Денсаулық, Қатынас, Таным, Шығармашылық, Әлеуметтік орта. Шығармашылық білім беру саласының мақсаты:

— мектеп жасына дейінгі балалардың сезімдік –эмоционалдық ортасы мен эстетикалық талғамын қалыптастыру, шығармашылық ойлау мәдениеті мен елестетуін дамыту.

Шығармашылық білім саласының базалық мазмұны:

- сурет салу;
- мұсіндеу;
- жапсыру;
- музика.

Шығармашылық білім беру саласында баланың әлемге деген эстетикалық қатынасы мен ұлттық, классикалық және заманауи көркем құралдарының дамуымен бірге қалыптасуы қарастырылады. Балалар шығармашылығы мен әрекеттерін біріктіру арқылы балалардың көркемдік қабілеттерін қалыптастырады. Музыка сабағында ырғакты музыкаға билеп, би қозғалыстарын орындайды. Ендігі жоспарда қабырғаларға айна ілу, балалар билегенде өз қимылдарын көріп, биге тез үйренеді. Акт залда түрлі ұлттық аспаптармен толықтырылды. Әрбір тәрбиеші сабактан тыс уақытта балалардың шығармашылығын дамытатын әр түрлі кездесулер, іс-шаралар ұйымдастыру қажет. Іс-шара барысында, әрбір балаға өзіндік ойын, көзқарасын білдіруге мүмкіндік беру керек. Осындай жұмыстарды үнемі жүргізу балаларды шығармашылыққа баулуға, шәкірт бойындағы қабілет көзін ашып, тілін байытуға, қиялын ұштауға, өз бетінше ізденуге зор әсерін тигізеді. Балалардың қызығушылығы мен қабілеті әр түрлі. Соңдықтан балабақшада балаларға арналған арнайы үйірмелер ұйымдастыру арқылы олардың шығармашылық қабілеттерін шындаі түсуге болады. Үйірме жұмыстары ерікті түрде болатындықтан балалардың жеке мүмкіндіктеріне байланысты ұйымдастырылуы қажет. Үйірме жұмыстары тәрбиешіге әр түрлі сабактар өткізуге балалардың шығармашылық жұмысқа сүйіспеншілігін арттырып жұмысты орындауға қызығушылығын

қалыптастыруға мүмкіндік тудырады.

Үйірме жұмысы балалармен күннің екінші жартысында вариативтік бөлімде өткізіледі. Өткізу орындары: топ бөлмесі, музика залы, бейнелеу өнері студиясы, денешынықтыру залы, АКТ арналған бөлме және т.б. Вариативтік бөлімді әрбір жас тобына арналған ұйымдастырылған оқу қызметінің жалпы кестесіне енгізу қажет. 2 – 3 жас аралығындағы сурет салуға деген қызығушылық туады. Шығармашылықпен жұмыс жасау тәрбиелеу барысында өзін қоршаған ортамен байланыстыра бейнелеуді тапсыру керек. Мектеп жасына дейінгі балалардың шығармашылығының бірінші белгісі қоршаған орта заттары мен объектісімен таныстыруда тәрбиеші оның негізгі пішініне, салыстыруға, ұқсастығын ажыратуға үйретіледі. Сол себептен бала бір заттың түрліше пішінін суретін салуда, мұсіндеуде және жапсыруда басқаша бейнелеудің амалын менгереді. Балалар еркін түрде сурет салуда, басқа заттың ұқсас пішінін беруде қолданады. Сурет салуда түзу, қисық, үзік, жіңішке, қалың сзықтың түрлі амалын бала өзінің ойымен заттар мен құбылыстардың бейнесін беруде пайдаланады. Бала сурет салуда бейнелеу іс-әрекеті арқылы жас ерекшелігіне сай, қоршаған ортаны өзінің бейнелеу тәсілдерімен суреттеуге талпынады. Бейнелеу өнерінен ортаңғы топтан бастап вариатив сабактарды ұйымдастырылада. Сонымен қатар әдемілік, әсемдік туралы әңгімелеп, оқыту, тәрбие жұмыстарында ойын тәсілдерін қолданылып жатыр. Қорыта келе, қазіргі заман талабына орай мектепке дейінгі мекемеде баланың жас ерекшелігін ескере отырып, оны шығармашылыққа баулып, бар мүмкіндіктерін аша отырып, қиялын, ой-өрісін дамытуды басты жолға қоя білу керек.

Шешім:

- 1.Мерекелік іс-шаралар тақырыбына , мақсатына сай жауапкершілікпен өткізулюі тиіс.
- 2.Балалардың білім біліктілігін дамытуда үлгілік оқу бағдарламасы күтілетін нәтижесі негізінде жүргізілсін.
- 3.Әрбір педагог өз кәсіби құзіреттілігін, міндеттерін адал, жауапкершілікпен атқарсын.
- 4.Шығармашылық білім саласы бойынша вариативтік бөлімдерге «Би үйренеміз» ересек топқа және ортаңғы топқа сурет салудан «Бейнелеу өнері» енгізілсін.

Кеңес тәрайымы:  Г.Батыркулова

Хатшысы:  А.Серикбаева

Менгеруші жаңындағы кеңестің

№4 хаттамасы.

17.03.2021 ж

Жиналғандар саны -10

Күн тәртібі:

1. Откен кеңестің шешімінің орындалуы жөнінде.
2. 8 наурыз, Наурыз мерекелерінің сценарилерін бекіту.
3. «Әлеумет » білім саласы бойынша жүргізілген жұмыстарды тексерудің қорытындысы.
4. 7- сәуір дүние жүзілік денсаулық күніне арналған «Шынықсын денеміз» мерекесін ұйымдастыру.

Тындалды: Откен кеңестің шешімінің орындалуы жөнінде менгеруші

Г.Батыркулова сөйлемді.

Қазіргі жағдайда балалардың дербес әрекетін белсендіруге көбірек көңіл бөлу ұсынылады. Біз балалардың білімге деген қызығушылығы мен қажеттілігіне мониторинг жүргізіп, тәрбиешілер, психолог, әдіскер откен кезеңге балаларды диагностикалық тексерудің нәтижелерінде күннің екінші жартысында шығармашылық білім саласы бойынша «Би үйренеміз» үйірмесін ашып вариативті компонентке енгіздік. Вариативтік компонент – мектепке дейінгі ұйымдардың тақырыптық бағыты бойынша жұмыс, эксперимент жұмысы, педагогтердің шығармашылық жұмыстары, дарынды балалармен жұмыс, ұйымдастырылған оқу қызметтерінен тыс балалардың қызығушылығы бойынша жұмыс болып табылады. Сурет салудан «Бейнелеу өнері» вариативтік сабакы ортағы топқа қойылған. Мектепке дейінгі кезеңде баланың толыққанды өмір сүруі үшін, тек оған білімді менгертіп қана қоймай, өздігінен ізденуге, шығармашылықпен ойлай білуге

үйрету маңызды. Вариативтік компонент оқыту барысында дамыта оқыту қағидаларын жүзеге асырады.

белгілі өз мүмкіндіктері бар,-деп әрқайсына жеке тоқталып өтті.

Сөйлемді : Балабақаша сазгері Л.Абжамиева 8 наурыз мерекесінің өтілуіне тоқталды. «Қарлығаш» тобы аналар күніне арнап «Анашым-жан шуағым» атты ертеңгілікке дайындық жүріп жатыр. Ертеңгіліктің сценариімен таныстым. Ән, би жақсы мерекеге сай, тандалынып алынған. Мереке онлайн арнайы ата-аналар чатында өткізілмек. Балаларға үйге тапсырмалар берілді. Аналар күніне орай тақпактар, әндер берілді. Сондай ақ, Ұлыстың ұлы күні Наурыз мейрамының да сценарийі дайындалып жатыр. Ұл балалар арасында «Жігіттер сұлтаны» сайсысын өткізу жоспарланып отыр. Сайыс шарттары таныстырылады. Тәрбиеші апайларға берілді. Қатысатын балдарды іріктең, дайындық жасаймыз,-деп аяқтады.

Тындалды: Екінші мәселе бойынша менгеруші Г.Батыркулова сөйлемді.

Қазіргі жағдайда балалардың дербес әрекетін белсендіруге көбірек көңіл бөлу ұсынылады. Біз балалардың білімге деген қызығушылығы мен қажеттілігіне мониторинг жүргізіп, тәрбиешілер, психолог, әдіскер өткен кезеңге балаларды диагностикалық тексерудің нәтижелерінде күннің екінші жартысында шығармашылық білім саласы бойынша «Би үйренеміз» үйірмесін ашып вариативті компонентке енгіздік. Вариативтік компонент – мектепке дейінгі ұйымдардың тақырыптық бағыты бойынша жұмыс, эксперимент жұмысы, педагогтердің шығармашылық жұмыстары, дарынды балалармен жұмыс, ұйымдастырылған оку қызметтерінен тыс балалардың қызығушылығы бойынша жұмыс болып табылады. Сурет салудан «Бейнелеу өнері» вариативтік сабакы ортағы топқа қойылған.Мектепке дейінгі кезеңде баланың толыққанды өмір сүруі үшін, тек оған білімді менгертіп қана қоймай, өздігінен ізденуге, шығармашылықпен ойлай білуге үйрету маңызды. Вариативтік компонент оқыту барысында дамыта оқыту қағидаларын жүзеге асырады.

белгілі өз мүмкіндіктері бар,-деп әрқайсына жеке тоқталып өтті.

Тындалды: Балабақша менгерушісі Г.Батыркулова төртінші мәселе бойынша айтып өтті. «Әлеумет » білім саласы бойынша жүргізілген жұмыстарды тексерудің қорытындысына келер болсақ, әлеумет білім саласының мақсаты: баланы қоршаған ортасымен таныстыра отырып, балаларда әлеуметтік құндылықтар мен мәдениет негіздерін қалыптастыру, қоршаған әлемнің қыр-сырын түсінуге талпынысын арттыру. Ұлтжанды етіп тәрбиелеу, Отанына, отбасына сүйіспеншілігін арттыру,

ұлкенді, құрбы-құрдастарын құрметтеуге тәрбиелеу. Осы мақсатта біраз жұмыстарды жоспарладық. Отбасыларымен түскен суреттерінен көрме ұйымдастыру жоспарланды. «Мен қандай көңіл күйде боламын» атты ашық ұйымдастырылған оқу қызметін ересек тобына қойдық. Улкендердің еңбегін бағалау мақсатында «Мамандықтың бәрі жақсы» атты ашық ұйымдастырылған оқу қызметін ортаңғы топта өту жоспарда бар. «Біз әдептен озбаймыз» кіші топтарда ашық есік күні ұйымдастырылды.

Т ы ң д а л д ы : балабақша менгеруші Г.Батыркулова «7- сәуір дүние жүзілік денсаулық күніне арналған «Шынықсын денеміз» мерекесін ұйымдастыру туралы ұсыныс берді.

«Нұршуак» ересек тобы «Шынықсын денеміз» эстафеталық жарыс 05 сәуірде өткізілсін. Балабақша тәрбиеленушілері мен қызметкерлерді қатыстыра флемшмоб өткізілетінін айтып өтті. Керекті құралдарды талапқа сай дайындауды, музыкамен және балалаларды «с» витаминімен қамтамасыз етуді балабақша медбикесіне жүктеуді ұсынды. Тәрбиешілер толық келіст


Шешім:

Мерекелік іс-шаралар тақырыбына , мақсатына сай жауапкершілікпен өткізу үшін тиіс.

2.«Әлеумет» білім саласы бойынша жоспарланған жұмыстар әдіскер мен тәрбиешілерге жүктелсін.

3. «7- сәуір дүние жүзілік денсаулық күніне арналған «Шынықсын денеміз» мерекесіне дайындық жүргізілсін.

Кеңес тәрайымы:  Г.Батыркулова

Хатшысы:  А.Серикбаева

Менгеруші жаңындағы кеңестің

№ 5 хаттамасы.

21.05.2021 ж

Қатысқандар саны –11

Күн тәртібі:

1. Өткен кеңесінің шешімдерінің орындалуы.
2. Мерекелерді талқылау.
3. Оқу жылындағы тәлімгер мен жас маман жұмысының қорытындысын талдау.
4. Қорытынды мониторинг нәтижесі.
5. Жазғы маусымға арналған іс-шараларды бекіту.

Т ы ң д а л д ы : балабақша менгерушісі Г.Батыркулова өткен кеңестің қаулылыларының орындалуына есеп берді. Аналар күніне арналған онлайн өртөнділік ойдағыдай өтті. Балалар тәрбиеші үйреткендегі үйде бәйшешектен гүл жасап аналарына сыйлады. Ата-аналар ризашылықтарын жеткізді. Сонымен қатар Наурыз мейрамы қарсаңында өткен жігіттер сайысы да қанағаттанарлықтай өтті. Сайыста қазақтың салт дәстүрлері бойынша ойындар ұйымдастырылып, тапсырмалар берілді. Ұлдар шарт бойынша сайысқа түсіп, жүлделі орындарға ие болды. Дайындық аз болған, карантин уақытында балалар көбіне үйде болған соң, тақпақтарды жаттау қынға соққан, алдағы уақыттарда тәрбиешілер балалармен өздері жұмыс жасап, бұдан кейінгі сайыстар көңілден шығуға тырысар,-деп аяқтады. Анықталған кемшіліктер алдағы уақытта орындалуы тиіс екенін ескертті. Тәрбиешілер толық орындауға уәде берді.

Балабақшада «7- сәуір дүние жүзілік денсаулық күніне арналған «Шынықсын денеміз» мерекесін ұйымдастырылғанын, ортаңғы тобында эстафеталық жарыс балалар жасына сай өткізілгенін, топ белсенді қатысқанын айттып өтті. Сонымен бірге балабақшада өткен флешмоб өткізілгенін, барлық қызметкерлер мен тәрбиеленушілер қатыстырылғанын, балалар көңіл күйі көтерінкі, қатысулары өте белсенді болғанына тоқталып өтті.

Сонымен бірге «Достық ұлы туымыз» ертеңгілігі мен «Ұлы жеңіс» тәрбие сағатының өтілуі қанағаттанарлық екенін айтылды.

Сөйледі: Балабақша әдіскері Н.Умирбекова

1 желтоқсан-Президент күнін, тәуелсіздігіміздің 21 жылдық қарсанында «Жұлдыз» кіші топпен ұйымдастырылған оку қызметіне өз үлесін қости. Жаңа жыл мерекесі, 8наурыз –Аналар мерекесі, «Жігіттер сұлтаны» сайысына күніне өткізілген мерекелік ертеңгіліктерде би,ән үйретті. Балалардың білім деңгейін бағалауды да үйретті. Әдістемелік кеңестер берілді. Ата-аналармен де жақсы араласты. Балалармен тез тіл табысып, берілген тапсырмаларды уақытында орындаپ отырды.

Сөйледі : Тәлімгер Н.Таспұлатова жалпы жас маман туралы айтар болсам өткен жылдан бері айтқанды дұрыс қабылдайды. әдістемелік, шығармашылық шеберлігі арта түскені, үнемі ізденіс үстіндегі білмегенін сұрап білуге тырысатыны , үлкендерді сыйлауы, ата-аналар, балалармен қарым қатынасы ете жақсы деп бағалай аламын.

Өз басын көпшіліктің ортасында дұрыс алып жүру, ұжымда сыйлы, жарқын мінезді ,адал, болашағынан көп үміт күтетін ұстаз болатынына сенімім зор.

Жалпы қорыта келе айтарым болашақта аға ұстаздардың ізің басушы ,жаңа заманға сай интернет, компьютер, электронды ақпараттар арқылы жұмыс жасай алатын, өз білімін жетілдіре біletін, шығармашыл ізденісте қажымайтын, ұстаз болуға бейімделіп , жаңа технологиялардың қыр сырын менгеріп аша алатын, жас маманың бірі болады деп бағалаймын.

3. Т ы ң д а л д ы : Қорытынды мониторинг бойынша балабақша әдіскері Н.Умирбекова сөйледі. Қорытынды бақылау II жартыжылдық сонында өткізіледі, ол мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандартында анықталған балалардың біліктері мен дағдыларының даму деңгейіне сәйкестілігін айқындауға мүмкіндік береді. Әр диагностика нәтижелерін педагог Бақылау парагында білім беру саласы бойынша толтырады. Содан соң топ бойынша Жиынтық есеп жасалады , ол білім беру үйімі бойынша Жиынтық есеп жасау үшін әдіскерге беріледі. Бақылау парагында алынған мәліметтер негізінде Баланың жеке даму картасы толтырылады. Баланың жеке даму картасының «Түзету іс-шаралары» бөлімін диагностиканың қорытындысы бойынша балалармен жұмыс істейтін педагогтер мен мамандар толтырады. Баланың жеке даму картасының «Қорытынды» бөлімінде диагностиканың әр кезеңінен кейін баламен жеке түзету жұмысын жүргізу үшін педагогикалық процесстің міндеттері мен мазмұнын айқындайды. Мониторинг нәтижелері келесі білім беру міндеттерін шешу үшін ғана

қолданыла алады: балалар тобымен жұмысты белсендендіру.

Сөйледі: балабақша меңгерушісі Г.Батыркулова жаз мезгілінде балалар өмірі мен денсаулығын қорғау нұсқаулығымен таныстырып өтті. Жаз мезгілінде балалардың денсаулығын жіті қадағалау, бастарынан күн өтпеу, дұрыс тамақтану және жаракаттанбау үшін өз жұмыстарына жауапкершілікпен қарау керектігін қадап айтты.

Қаулы:

1. Отken кеңестің қаулыларының орындалуы қанағаттанарлық.
2. 2020-2021 оку жылындағы тәлімгер жас маманмен жүргізген жұмысына қанағаттанарлық деген баға берілсін;
3. Қорытынды мониторинг бойынша төмен деңгейдегі балалармен жеке даму жұмыстары жүргізілсін.
4. Жаз мезгілінде балалар өмірі мен денсаулығын сақтау қатаң сақталсын.

Кеңес төрайымы:

Г.Батыркулова

Хатшысы:

А.Серикбаева

Менгеруші жанындағы кеңестің

№ 6 хаттамасы.

16.08.2021 ж

Жиналғандар саны –10

Күн тәртібі:

- 1.Өткен кеңестің шешімдерінің орындалуы..
- 2..Жаңа оқу жылына дайындық.
- 4.Жөндеу жұмыстары жөнінде.
- 5.№1 Педагогикалық кеңеске дайындық.

Тындалды:Өткен кеңестің шешімдерінің орындалуы жөнінде балабақша әдіскері Н.Умирбекова тоқталып өтті.Ол өз сезінде балалардың білімдерін жетілдіруде тазалықта,ұқыптылықта тәрбиелеуде көңіл бөлініп,тазалық,ұқыптылық,көмектесу жөнінде санамақтар,тақпақ-өлеңдермен пысықтап өтуде «Сабынмен дос болайық»,«Күйршақты шомылдырайық»,«Кезекшілік етейік» атты ойындар ұйымдастырып өткізілуде. Балалармен өз туыстарының аты жөнін түгел білу,туыстық қатынасын білуге ата-аналардың да көмегі қажет болды.Ата-аналармен байланыса отырып ,нәтижеге қол жетуде.Отбасы мүшелерінің аттарын толық атау,дұрыс айту,жасы үлкен-кішіге мән беру,құрметтеуге тәрбиелеудеміз деді.


Тындалды:Жаңа оқу жылына дайындық жөнінде балабақша әдіскері Н.Умирбекова сөз алды:Балалармен ұйымдастырылған оқу қызметін ұйымдастыруда мақсатқа жетуде, нәтижесі мазмұнды болу үшін,бала ықыласын аударуда және келешекте белсенді де,бәсекеге қабілетті,білімлі де ширақ, жігерлі ұрпак жетілдіруде көп жұмыстар, көп техникалық құралдар мен бейнетаспалар,ұнтаспалар қажет. Тәрбиеші үнемі даму үстінде болу керек. Өз білімін үнемі ізденіп, жаңашыл болуға әректтенуіміз қажет. Дамытуши орталар мазмұны, құралдары жаңартылып, толықтыруды, жаз бойы ізденуге шақырамын. Ғаламторға кіріп басқа елдердің әдіс-тәсілдерінен, іс тәжірибелерінен өзімізге ендірсек, аудан, облыс озық тәжірибелерін,баспасөз құралдарын пайдаланайық. Қызықты ойындар топтап,әрбір қуні-сабактар мағыналы өтуін қарастырып, балаларға жаз бойы көтерінкі көңіл күй ,шаттық, қуаныш сыйлайық.

Тындалды: Жазғы маусымда өтетеін жөндеу жұмыстарына балабақша менгерушісі Г.Батыркулова тоқталып өтті. Балабақша ғимаратының қажетті жерлерін ақтап, сырлау қажет. Құралдардың сынған жерлерін реттеп, жөндөтулерінде тапсырамын. Жөндеу жұмыстары кезінде қауіпсіздік ережесін бұзбай, балалардың және өздеріндең өмір қауіпсіздіктерінде сақтауға міндеттісіздер. Балабақшаның, ауланың тазалығын сақтау, мүліктерді күтіп ұстау, жөндеу жұмыстарына ынтымақты түрде қатысуға шақырамын деді.

Тындалды : № 1 педагогикалық кеңеске дайындық жөнінде балабақша менгерушісі г.Батыркулова сөз алды, күн тәртібіндегі басты мәселелер жөнінде әңгіме өткізді. Жалпы балабақша ұжымы «Таным» білім саласын және «Денсаулық» саласын мақсат етіп алғып жұмыс жүргізуіді жалғастырамыз, соның ішінде биылғы жаңа оқу жылында «Қоршаған ортамен таныстыру» бөліміне тоқталып, тереңдете, қадағалауға алғынып, көрнекіліктер толықтырылып, құралдар, дамытушы орталар толықтыруларды тапсырылды. Педагогикалық кеңесте кіші топ тәрбиешісі «Шағала» Қозғалыс және байланыс құралдармен таныстыру» атты баяндама жасау жүктелді. Сонымен бірге осы тақырыпта ойын түрлері мен атрибуттар көрмесіне барлық тәрбиешілер дайындықпен келу тапсырылды.

Шешім:

1. Өткен кеңес шешімдерінің орындалуы қадағалансын.
2. Жазғы сауықтыру шаралары жоспар бойынша жауапкершілікпен өткізілсін
3. Жаңа оқу жылына дайындықтар жүргізілсін.
4. Жөндеу жұмыстары кезінде қауіпсіздік ережесі сақталсын.
5. №1 пед кеңеске жауапты қызметкерлер, дайындықпен келу.

Тәрайымы:  Г.Батыркулова
Хатшы:  А.Серикбаева

ЖШС «Нұр-Саят» бөбекжай балабақшасы

Бекітемін:

Б/б менгерушісі:

Г.Батыркулова.



2021-2022 оқу жылының менгеруші жанындағы кеңестің хаттамалары.

Менгеруші жанындағы кеңестің

№1ХАТТАМАСЫ

03. 09.2021ж

Қатысқандар: 25

Күн тәртібінде:

- 1.Балабақшаның жаңа оқу жылына дайындығы. Шолу тексерудің қорытындысы.
2. Педагог мамандардың жаңа оқу жылында жүргізілетін іс-құжаттарын сараптау, тексеру,бекіту .
3. Қ.Р.Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 30 қазандығы №595 бұйрығы.Мектепке дейінгі ұйымдар қызметінің үлгілік қағидалары туралы.Қ.Р.Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 19 маусымдағы №254 бұйрығы туралы.
Балаларды қабылдау және шығару бұйрықтарының жүргізілуі.
4. Тіл мерекесіне арналған «Ана тілім айбыным» , «Қош келдің, Алтын күз!» мерекелік ертеңгілігінің жоспарын жасау.

1.Тындалды: Жаңа оқу жылына дайындық қорытындысы.

Сөйлемді: менгеруші Г.Батыркулова- жаңа оқу жылына балабақшаның балаларды қабылдауға, өз жұмысын бастауға қаншалықты дайын екенін тексеру мақсатында шолу тексеру жүргізді. Шолу тексерудің қорытындысы бойынша сөйлемді. Экологиялық және тәжірибелік (экспериментальді) орталықтар тәжірибе жасауға арналған құралдармен жабдықтау керегі, музика залы музикалық аспаптармен толықтырылуы және балабақшаға бақылау (камерасы) қондырғысын орнату керегі айтылды.

Анықтама қоса тіркелді.

Жаңа оқу жылына балабақша дайын, оқу жылы бүл жылы 1 қыркүйек «Білім күні» ата-аналармен, балаларға іс-шара өткізуді жоспарладық. Ересек, және ортаңғы топтарда мерекелік ертеңгіліктер дайындау ұсынылған. Үлгілік оқу бағдарламасындағы өтпелі тақырыптар бойынша перспективалық жоспар құрылды, ұйымдастырылған оқу қызметінің кестесі жасалды. Балаларға білім беруде ата-аналарға әр топ «WhatsApp» интернет желісі арқылы чат ашты.

2.Сөйлемді б/б.менгерушісі Г.Батыркулова педагог тәрбиешілердің жаңа оқу жылында жүргізілетін іс-құжаттарын сараптау, тексеру,бекіту .Жұмыстарын жасады.Тәрбиешілердің жұмыстары жаңа оқу жылына толық дайын екендігі айтылды.Әр топ бала қадылдауға жабдықталып дайындалған.Балабақшаға

жаңадан тіркелген балалардың ата-аналарымен танысып, балабақша туралы мәлімет беруіміз керек айтылды. Ата-аналармен жүргізілетін жұмыстың негізгі ата-аналар жиналысы. Ата-аналар жиналысы топта жылына 3 рет болады. Олар қыркүйек, желтоқсан, мамыр айларында өткізіледі. Қыркүйек айында жылдың басы болғандықтан ата-аналармен танысу, топпен таныстырып, белсенді ата-аналар комитетін сайлап аласыздар. Жиналыс қызықты, позитивке толы болып өтсе, тәрбиешілер бұл сіздердің жеңістерініз. Сондықтан барынша қызықты етіп жоспарлап өткізіңдер. Балабақшадағы жалпы ата-аналар жиналысы ата-анамен ықпалдастықты арттыру, балабақшаға деген сенімділігін нығайту мақсатында жүргізіледі. Балабақша ата-аналарын жалпы жиналысы ретінде арнайы жоспар бойынша дайындық жасау керек.

Үшінші мәселеде менгеруші Г.Батыркулова Қ.Р.Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 30 қазандағы №595 бұйрығы.Мектепке дейінгі үйымдар қызметінің үлгілік қағидалары туралы.Қ.Р.Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 19 маусымдағы №254 бұйрығы туралы қысқаша шолу жасап айтып өтті.МД білім беру саласында мемлекеттік қызмет көрсету қағидалары туралы ережеге тоқталды.Білім туралы,Педагог мәртебесі туралы жеке тоқталды.Қағидада меншік нысанына қарамастан мектепке дейінгі үйымдардағы бос орындарға қабылдау кезекке қою ,жолдама беру, үйымға қабылдау тәртібі ,жұмыс тәртібі туралы жалпы айтты.Балаларды қабылдау,шығару туралы мәселені де қозғады.

4.Төртінші мәселеде жылдық жоспарда жоспарланған мерекелік іс-шараларды өткізу, дұрыс үйымдастырылуы жайында айтылды. Балалар балабақшаға келмегендіктен жүргізілетін іс-шараларымызды үйымдастыру қындық туғызады, дегенмен сіздердің біліктітерініздің арқасында бұл кедергіні де, еңсереміз. Алда жоспарланған іс-шаралар, мерекелер бар сол мерекелерді қалай өткіземіз, ата-анаға, балаға тиімді тұстарын қарап, ұтымды жауаптар табады деген ойдамын. Тиімді ойларыңыз болса ортаға салып, балаға жағдай жасайық- деді әдіскер Н.Умирбекова. Балабақша ұжымы ақылдаса келе «Ана тілім айбыным» тақырыбында тіл мерекесін ересек топ балаларымен өткізуді шешті. Онда балалар құттықтау, ана тілімізге арналған тақпактар айтады. «Алтын күз» мерекесіне барлық топ балалары қатыстырылды. Онда балалар тақпактар айтып, сән үлгілерін көрсетсе, ата-аналар жемістермен көкөністерден дайындалған ас түрлерін видиороликтер жасап ұсынса және жеңімпаз ата-анаға сыйлық тарту етсек деген ұсыныстар айтып, бір ауыздан қолдады.


Сөйледі: менгеруші Г.Батыркулова - Мерекелік сценарилердің көптеген нөмірлермен шамадан тыс толықтыруға болмайды. Әдемі әрленген, сапалы кадрлар жасап музыка әуенін қосып сапалы дүние дайындаңыздар.


Шешімі:

1. Жаңа оқу жылында балабақша жұмысы жүргізуде «WhatsApp» интернет желісі қолданып әр топ ата-аналарға чат ашсын..
2. Жалпы ата-аналар жиналышын 07 қыркүйек, топтардағы ата- аналар жиналышын 10 қыркүйек күні өткізілсін.

Жауапты: әдіскер Н.Умирбекова

3. 22 қыркүйек Қазақ тілі мерекесі «Ана тілім айбыным» тақырыбында, алтын күз мерекесі 25 қазан күні «Қош келдің, Алтын күз!» тақырыбында өткізілсін.

Төрайымы:  Г.Батыркулова

Хатшысы:  А.Серикбаева

Менгеруші жанындағы кеңестің

№2 ХАТТАМАСЫ

09.11.2021ж

Қатысқандар: 21

Күн тәртібінде:

- 1.Өткен кеңестің шешімдерінің орындалуы.
- 2.Балабақшадағы балаларды қабылдау бойынша мемлекеттік қызмет көрсетуге бақылауды қамтамасыз ету.
- 3.«Тәуелсіздікке жыл», «Жаңа жыл» мерекелерін жоспарлау.
- 4.Жалпы топтарда күн тәртібіндегі таңғы жаттығулары және түскі гигиеналық шараларды орындау. (салыстырмалы тексерудің қорытындысы).

1.Бірініші мәселеде менгеруші Г.Батыркулова өткен жиналыстың шешімдерінің орындалуына тоқталды. Балабақшадағы жалпы ата-аналар жиналысын 07 қыркүйек, топтардағы ата-аналар жиналысы 10 қыркүйек күндері өткізілді. Жалпы ата-аналар жиналысында балабақшага жаңадан келген балалардың ата-аналарымен танысып, бала тәрбиесіне, денсаулығы мен білім алуы жайында ой бөлісулер болды. Жоспарланған мерекелік ертеңгіліктер де, жақсы ұйымдастырылған түрде өткізілді. Тіл мерекесіне арналған ертеңгіліктің ересек топ балалары тақпактар айтып белсенделік танытты. Күз мезгіліне арналған мерекелік ертеңгілікте де, балабақшамызға алдыннан келіп жүрген балалар мен ата-аналардың қатысуын көрдім. Балабақшага жаңадан келген ата-аналарды да, іс-шараларымызға қатысуын ұйымдастырайық. Балабақшага үйінде отырып интернет желісін пайдалана отырып өз белсенделіктерін көрсетуге шақырыңыздар, педагогикалық іскерліктерінізді пайдаланыңыздар.

1. **Екінші мәселеде** әдіскер Н.Умирбекова сөз алды. Балабақшага балалардың келуі жыл бойына жалғасып жатады. Балаларды қабылдау және шығару бүйрықтары, келіп кету журналы, альфавиттік журнал жүргізілген. Қазіргі кезде топтарда балалар толық.
2. **Үшінші мәселеде** алдағы мерекелер, олардың өтілу барысы жайында айтылды. 16 желтоқсан Тәуелсіздік күніне балалар ән, би, тақпактар айтып,

жақсы көніл-күйде мерекені тойлайық. Ата-аналарда баға жетпес байлығымыз тәуелсіздігімізге, осынау қын кезде бірлесе отырып қыншылықты жеңіуіміз үшін жақсы тілектерін білдірген виdiороликтер жолдасын. Жаңа жылдық мерекеде тақпактар айттып, балалар арасында сурет салудан сайыс өткізейік.

Менгеруші Г.Батыркулова – ата-аналар ұсынған виdiороликтерді біріктіріп, жақсы бір жұмыс шығарып, ата-аналар чаттарына жіберіңіздер. Белсенділік танытпаған ата-аналарға мотивация болады деген ойдамын. Ата-аналармен жұмыс жасау барысында әдеп нормаларынан шықпай, педагог этикетін сақтаңыздар.

Төртінші мәселеде Г.Батыркулова сөз сейледі. Жалпы барлық топтарда күн тәртібіндегі таңғы жаттығулары және тұскі гигиеналық шараларды орындау. салыстырмалы тексерудің қорытындысы туралы айтты. Балабақшада таңғы жаттығулар өз тәртібімен жасалынып жатқандығы, тұскі гигиеналық шаралар медбикенің бақылауымен өз ретімен топтардың жасына қарай жасалып жатқандығы нәтижелі екендігі айтылды.

Шешімі:

1. Балабақшадағы балаларды қабылдау бойынша жұмыстар жауапкершілікпен атқарылсын.
Жауапты: Әдіскер Н.Умирбекова
2. 16 желтоқсан Тәуелсіздік күніне жоспарланған «Тәуелсіздікке 30 жыл» мерекелік ертеңгілігі жоғары дәрежеде үйимдастырылсын.
Жауапты: әдіскер Н.Умирбекова
3. Жаңа жыл мерекесіне арналған ертеңгілік іс-шара «Жаңа жыл-2022» үйимдастырылсын.
Жауапты: әдіскер Н.Умирбекова

Төрайымы: 

Г.Батыркулова

Хатшысы: 

А.Серикбаева

Менгеруші жанындағы кеңестің

№3 ХАТТАМАСЫ

05.01.2022

Катысқандар: 22

Күн тәртібінде:

1. Откен кеңестің шешімдерінің орындалуы.
2. Улгілік оқу бағдарламасы мазмұнын игеру бойынша аралық даму мониторингі
3. Балабақша мен ата-ана ынтымақтастығын нығайту арқылы құзіретті жеке тұлға қалыптастыру.
4. Вариативті компоненттің жоспарлануы және өту сапасы.
Салыстырмалы тексерудің қорытындысы. Ересектер «Нұршуақ», «Балдәурен» тобы
5. «Мерекенмен Анашым!» 8 наурыз, «Наурыз мерекем –наурызым бер» 22 наурыз мерекелерінің сценарилерімен танысу

1. Бірінші мәселе бойынша менгеруші Г.Батыркулова алды. Откен кеңестің шешімдерінің орындалу барысына тоқталды. балабақша қазіргі таңда мемлекеттік қызмет көрсету сапасын толық орындалған отырып. Откізілген мерекелерге тоқталсам Тәуелсіздік күніне арналған ертеңгілік жоғары деңгейде өтті деп айта аламын. Тәрбиешілер сіздердің жолдаған құттықтауларыңыз, еліміздің ертеңіне деген сенімдеріңіз білікті маман екендіктегінді көрсетті. Ата-аналар тарапынан балаларымызға тілеген тілектер, оқыған өлең жолдары әсерлі болды. Ал жаңа жылдық мерекеде Аяз атамен Қаршақызы болып киініп балалардан өз өнерлерін көрсетуді сұрағандарыңыз, ата-аналармен бірлесе отырып дайындаған сыйлықтарыңыз әрбір отбасыға, балаға мерекелік көңіл-күй сыйлады. Білім жүйесіне машиқтанып қалғандарыңыз көрініп тұр.
2. Екінші мәселеде Улгілік оқу бағдарламасы мазмұнын игеру бойынша аралық даму мониторингінің нәтижесі айтылды. Әдіскер Л.Мамытова сөйлемді. Тәрбиешілердің берген бақылау парағының нәтижесі бойынша жиынтық есеп жасалды. Жиынтық есеп бойынша Улгілік оқу бағдарламасын игерудің жалпы деңгейін қорытынды жасады.
- 3.Психолог Г.Әзірхан «Балабақша мен ата-ана ынтымақтастығын нығайту арқылы құзіретті жеке тұлға қалыптастыру» тақырыбында баяндама оқыды. Қоғам үшін әр уақытта, әр отбасында өсіп келе жатқан ұрпақтың дені сау, рухани бай, еңбекке, білімге құштар болып өсүі, оның қуат алатын қайнар бастауы – отбасы. Өскелен ұрпақтың жарасынды жетілуіне, ақыл-ой, деңе тәрбиесінің дұрыс дамуына, адамгершілік қасиеттерінің жоғары деңгейде қалыптасуына отбасы мен балабақша тәрбиесінің ынтымақтастығы басты міндет болып табылады. Біз балаларымызды өз ойы бар жеке тұлға етіп

тәрбиелеуіміз керек. Баланың жан дүниесіне үніліп, бала жаны нені қалайтынын, неге бейім екеніне назар аударуымыз қажет. *Баяндама қоса тіркелді.*

4. Төртінші мәселеде менгеруші Г.Батыркулова сөз алды. Вариативті компоненттің жоспарлануы және өту сапасы. Салыстырмалы тексерудің қорытындысы. Ересектер «Нұршуақ», «Балдәурен» топтарында қорытынды жасалды. Вариативтің жоспарлануы екі топта «Көңілді бояулар», «Зерттеу іздестіру ойындары алынды». Балалардың шығармашылық қабілетін дамыту және ойын арқылы ақыл ойларын қабілетін дамыту мақсатында алды. Өту барысы, құрылымы бала жас ерекшелігіне сай алынған. Топ тәрбиленушілеріне бұл оку қызмет ұнағаны көрініп түр балалардың қатысуы белсенділігі де жақсы. Тәрбиешілер тақырыптың айналасында Оку қызметті жақсы қамтыған.

5. Алдағы мерекелерді қалай ұйымдастырамыз деген ой бөлісу болды. Аналар мерекесіне арналған ертеңгілік аналарымызды құттықтаудан басталады және балабақша ұжымы дәмді ас даярлаудан мастер класс өткізетін болды. Ұлттық мерекеміз 22 Наурыз мерекесіне балалар тақпақ оқып, ұлттық би, салт-дәстүрлеріміздікенен қамтып өткізсе, балабақшада аналармен тәрбиешілер арасында наурыз көже ұйымдастырылса, әкелеріміз арасында аулаға көшет отырғызудан сайыс ұйымдастыру жоспарланды. Тәрбиешілер ертеңгілікке қажетті тапсырмаларды бөліп өз міндеттеріне алды.

Шешім:

1. Ұлгілік оку бағдарламасы мазмұнын игеру бойынша балалармен жұмыстар бағдарлама міндеттеріне сай жүргізу.
Жауапты: топ тәрбиешілері.
2. Алда жоспарланған мерекелік ертеңгіліктерді өз уақытында өткізу.
3. Мерекелік ертеңгіліктерге жоғары деңгейде дайындалу.
Жауапты. Музыка жетекшісі: Л.Абжамиева.

Тәрайымы:

Хатшысы:

Батыркулова
Серикбаева

Г.Батыркулова

А.Серикбаева

Менгеруші жанындағы кеңестің

№4 ХАТТАМАСЫ

09.03.2022

Қатысқандар:22

Күн тәртібінде:

1. Откен кеңестің шешімдерінің орындалуы.
2. Жыл мезгіліне байланысты сенбілік жұмыстары, көркейту, көгалдандыру жұмыстарын дұрыс ұйымдастыру.
3. «Қазақстан- достық ел!» 1 мамыр, « Бейбітшілік ұландары!»» 9 мамыр жоспарлау.
4. Апталық тәрбие шараларының циклограмма жоспар журналдарын тексерудің нәтижесі.

1.Бірінші мәселе бойынша менгеруші Г.Батыркулова сөйлемді. Откен кеңестің шешімдеріне тоқталды. Ертеңгіліктер болсада жақсы ұйымдастырылып жатқанын айтты. Әкелерді де, бала тәрбиесіне атсалысуына ықпал жасадық. Әрине әкелердің белсенділіктері төмен болды, дегенмен баласымен бірге еңбек етуге бар ынтасын беретін әкелеріміздің барында көрдік. Аналар күніне өткізген мастер кластарының жақсы деңгейде өтті. Аналарымыздың кері байланыс жасап жіберген виодиоларын көрдім. Жұмысқа деген ынта, өз жұмысын сүйе білген жан, сол еңбек жолында іздене отырып табысқа жетері сөзсіз.

Одан әрі күннің жылнынуына байланысты балабақша ауласына, топ бөлмелеріне сенбілік ұйымдастырып тазалық жұмыстарын жүргізейік деді. Ауладағы ағаштармен гүлдерді балабақша бағбаны Ержанов Ораз ағайдың бұтап, суарып тазалап жүр. Енді біз бір жылдық гүлдерді гүлзарларға отырғызып, бөлме шандарын сұртіп, төсек орындарды таза ауага желдетіп алайық. Алдағы келе жатқан мерекелерге нендей дайындықтасыздар?

Сөйлемді менгеруші Г.Батыркулова жыл мезгіліне байланысты сенбілік жұмыстары, көркейту, көгалдандыру жұмыстарын дұрыс ұйымдастыру. Шаруа менгерушісі Д.Жолбарысовқа мейірбике С.Садыбекова тазалық жұмыстары жүктелді.Балабақшақызметкерлері толық қатысуы талап етілді.

Сөйлемді: Тәрбиеші Н.Таспұлатова 1 мамыр мерекесіне балаларға түрлі ұлт өкілдерінің тілінде құттықтаулар айтқызып, тақпақ, әндер, билер дайындал

орындаиды. 9 мамыр мерекесіне құттықтаулар жасап іс-шара өткізуді жоспарлаудамыз.

Менгеруші Г.Батыркулова - әріптерінің жұмыстарына сәттілік тілеп, тәрбиешілерге қажетті құжаттарды өз уақытында тапсыру керегін айтты. оның ішінде мерекелік ертеңгіліктің сцинарилері де бар-деді.

Сөйлемді балабақша менгерушісі Г.Батыркулова апталық тәрбие шараларының циклограмма жоспар журналдарын тексерудің нәтижесін қорытындылады жақсы деген баға берді.

Шешім:

1. Отken кеңестің шешімдерінің орындалуы қанағаттанарлық.
2. Наурыздың 11 күні балабақшада сенбілік жүргізілсін.

Жауапты: шаруа менгерушісі: Д.Жолбарысов

3. «Қазақстан- достық елі!» 1 мамыр және « Бейбітшілік ұландары!» 9 мамырға арналған ертеңгіліктер жоспары жасалып өткізілсін. Ертеңгілік сценариі әдістемелік кабинетке тапсырылсын.

Тәрайымы: Моңғұл Г.Батыркулова

Хатшысы: А.Серикбаева

Менгеруші жанындағы кеңестің

№5 ХАТТАМАСЫ

06.05.2022

Қатысқандар: 22

Күн тәртібінде:

1. Откен кеңестің шешімдерінің орындалуы.
2. Жазғы маусымдағы балабақшаның жұмысы.
3. 1-маусым балаларды қорғау күні, 6 шілді Астана күніне арналған сценариймен танысу.

1. Бірінші мәселеде менгеруші Г.Батыркулова откен ертеңгіліктерге тоқталды. Ертеңгіліктер балалардың тақпақтары, ата-аналармен балабақша ұжымының құттықтау тілектері «Сөнбейді әже шырағың» әнінен жинақтап дайындаған. Сахнада балалар өнер көрсетін, ата-аналардың көрермен болып отырып мерекелік іс-шараға қатысты. Ата-аналар ризашылығы бізді қуантты Биылғы оқу жылы аяқталуда, балабақша ұжымы балабақшаға күнделікті келіп жұмыс жасап, бар мүмкіндіктерін пайдаланып ауызбіршілікте жұмыс жасай білдініздер. Кем тұстарымызды түзетіп отырдық. Бір-бірімізден көмегімізді аяп қалмадық деген ойдамын. Енді міне жаз мезгілінің басталуына орай, оқу мекемелерінде сабактар тоқтатылады. Балабақшада жазғы женілдетілген сабак режиміне ауысады. Кезекті ақылы еңбек демалысына жіберілесіздер. Ал балабақшаның жұмыс кестесіне сай жұмысымыз жалғаса береді. Алдағы мерекелер балалар күнін және Астана күнін құттықтаулар жасап, ән- тақпақтар орынданап іс-шараны жоғары деңгейде өткізетін боламыз.

2. Екінші мәселеде менгеруші Г.Батыркулова жазғы маусымдағы балабақшаның жұмысы. Жазғы сауықтыру шараларын ұйымдастыру туралы айтты. Бассейінді тазалау күмдарды ауыстыруды да айттып өтті. Жаз айларындағы шынықтыру шараларын өткізуді тәрбиешілер мен мейірбикенің қатысуымен өткізуі тапсырды.

3. Ушінші мәселеде Г.Батыркулова 1-маусым балаларды қорғау күні, 6 шілді Астана күніне арналған сценариймен танысып бекітті. Ісшара жоғары деңгейде өтуін тәрбиешілер мен музықант Л.Абжамиевага

тапсырды. Асфалтқа сурет салу балаларға қызықты әрі мерекені одан әрі жандандыратынын айтып түйіндейді.

Шешімі:

1. Жазғы маусымда балабақша жұмысы онлайн форматта жалғассын.
2. Балалар күніне, Астана күніне жоспарланған ертеңгіліктер жоғары деңгейде ұйымдастырылсын.

Төрайымы:  Г.Батыркулова

Хатшысы:  А.Серикбаева

Менгеруші жанындағы кеңестің

№6 ХАТТАМАСЫ

05.07.2022

Қатысқандар: 21


Күн тәртібінде:

1. Откен кеңестің шешімдерінің орындалуы.
2. Жаз маусымындағы сауықтыру шараларының жүргізілу барысы.
3. Жаңа оқу жылына, №1 пед кеңеске дайындық.

1. Откен ткеңестің шешімдерінің орындалуына менгеруші Г.Батыркулова тоқталды. Ертеңгіліктер 1-маусым балаларды қорғау күні жақсы деңгейде өткізілді. Балаларға бір аптада бір білім саласы бойынша тапсырмалар беріліп отыр. Оның ішінде шығармашылық жұмыстарға тапсырмалар көбірек берілуде. Ата-аналарға суға шомылуға барғанда, бассейнге түскенде сақталатын ережелер жаднамасы тарқатылды. Сонымен қатар көшеде журу тәртібі, қоғамдық орындарда сақталатын қауіпсіздік ережелері жайында да, айтылды. Медбике С.Садыбекова жаз мезгілінде болатын жедел инфекциялық аурулар жайында кеңес берді. Жеміс-жидектер мен көкөністерді тұтыну барыснада сақталатын санитарлық жұмыстар жайында жаднамалар тарқатты. Балалардың күн көзінен алатын дәрумендері, күннің астында қай уақыттарда болу керегі көрсетілген паракшалар тарқатылды. Балабақшада жазғы жөндеу жұмастары басталды. Балабақша ауласы, топ бөлмелері толық жөндеуден өтеді. Ойыншықтармен ойыншық сөрелері толтырылады. Сертификатталған ойыншықтар, ыдыс-аяқтар алынды. Ауладағы құмды саяжайлар таза құмдармен толықтырылды. Әктеу сырлау жұмыстары қарқында жүріп жатыр. Жаңа оқу жылына дейін барлық жөндеу жұмысымызды аяқтасақ деп отырмыз. №1 педагогикалық кеңеске дайындық жұмысын бастаңыз деді әдіскер Л.Мамытова. Балабақша тәрбиешілері жұмыс жасау барысында жетіспей жатқан әдістер немесе толық балаға жеткізе алмай жатқан білім саласы болса, сол бойынша жұмыстарды көбірек жоспарланызы- деді.

Шешімі:

1. Балаларға онлайн форматта бес білім саласы бойынша оку қызметтерін еткізу жалғастырылсын.
2. Жаңа оку жылына балабақша материалдық жағынан дайындықта тұрсын.
3. №1 педкеңеске дайындық жүргізілсін.

Төрайымы.  Г.Батыркулова
Хатшысы.  А.Серикбаева